



Сыр бойы

6 шілде, сенбі 2024 жыл



№103-104 (20777-20778)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboyi_kz
www.instagram.com/syrboyi_kz
t.me/syrboyi_kz
twitter.com/syrboyi

/// САММИТ



КӨПЖАҚТЫ ДИАЛОГТЫ НЫҒАЙТУ – ОРНЫҚТЫ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ДАМУҒА ҰМТЫЛУ

Тәуелсіздік сарайында ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысы өтті. Отырыс басталарда делегация басшылары Беларусь Республикасын Ұйым құрамына қабылдау және оған ШЫҰ-ға мүше мемлекет мәртебесін беру туралы шешімге қол қойды.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев бүгінде Шанхай ынтымақтастық ұйымы достық, тату көршілік, теңқұқықтық және өзара қолдаудың, яғни «Шанхай рухы» негізінде жұмыс істейтін мемлекетаралық қатынастардың тиімді тетігіне айналғанын атап өтті.

– ШЫҰ кеңістігінде үш миллиардтан астам адам тұрады. Ұйымға экономикасы аса ірі және жылдам дамып келе жатқан мемлекеттер кіреді. Әлемдік жалпы ішкі өнімнің үштен бірі осы елдерге тиесілі. Бұл біздің Ұйымның орасан зор әлеуеті мен жаһандық рөлін айқын көрсетеді. Мүше мемлекеттердің даусы мен мүдделері тең дәрежеде ескерілетін Шанхай ынтымақтастық ұйымы өзін бірегей алаң ретінде көрсетті. Дәл осындай мызғымас демократиялық негізге сүйенген ұзақмерзімді ынтымақтастығымыз жаңа мазмұнмен толығырақ түсетініне сенімдімін,

– деді Мемлекет басшысы.

Бұдан кейін Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның Ұйымға төрағалығы аясында атқарылған жұмыстардың қорытындысы жөнінде баяндады. Президент ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің белсенді қолдауының нәтижесінде Қазақстанның ұйымға төрағалығы кезінде түрлі деңгейде 150-ге жуық іс-шара, соның ішінде цифрлық даму, туризм, энергетика, бизнес салаларында форумдар және ШЫҰ жастар кеңесі өткенін мәлімдеді.

– Ұйымның Шарттық базасы 60 жаңа құжатпен толықтырылды. Атап айтқанда, Есірткіге қарсы стратегия, Экономикалық ынтымақтастық стратегиясын іске асыру жоспары, Қоршаған ортаны қорғау саласындағы келісім, Энергетикалық ынтымақтастықты дамыту стратегиясы және басқа да құжаттар. ШЫҰ

серіктестері саналатын халықаралық ұйымдардың қатары көбейді. Инвестициялар жөніндегі арнайы жұмыс тобының қызметі қайта жанданды. Ұлттық валютамен есеп айырысуға көшу үдерісі қарқынды дами бастады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев осы шаралардың нәтижесінде ШЫҰ кеңістігіндегі сауда-экономикалық ынтымақтастық қарқынды дамып келе жатқанына тоқталды. Сондай-ақ Қазақстан төрағалығы кезінде мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайтуға ерекше назар аударылғанын айтты.

– «ШЫҰ форматын» барынша тартымды ететін бірқатар маңызды жоба іске қосылды. Олардың қатарында «ШЫҰ елдерінің рухани киелі орындары» жобасы мен «ШЫҰ Жібек жолы» бірінші халықаралық музыка фестивалі бар. Сондай-ақ бірлескен жобаларды жүзеге асыру үшін 10 туристік аумақ анықталды. Алматы қаласы ШЫҰ-ның мәдени және туристік астанасына айналды, – деді Мемлекет басшысы.

2-бет

/// ИГЛІК

ДАЙЫН ӨНІМГЕ ДЕН ҚОЙЫЛАДЫ

Өндіріс көлемін ұлғайту, дайын өнім шығаруға жаппай ден қою – заман талабы. Бүгінгі күні Сыр өңіріндегі жергілікті өндіріс орындары ішкі нарықты отандық өніммен қамтып, импорттық тауарға тәуелділікті төмендетуде. Нәтижесінде экономикалық өсім қалыптасты. Өнеркәсіп саласына тартылған инвестицияның үлесі өсті.

Сыр өңірі инвестиция тарту көрсеткіші бойынша елімізде алдыңғы қатарда. Отандық өнеркәсіпке жергілікті инвесторлар қолдау көрсетуде. Аймақта жұмыс істеуге қызығушылық танытып отырған шетелдік компаниялар да аз емес. Инвестициялық жобалар аясында жаңа жұмыс орындары ашылуда.

Облыстың өнеркәсіп саласы былтырғы қыркүйек айынан бастап оң динамика көрсетіп келеді. Осы жылдың 5 айының қорытындысына сәйкес, көрсеткіш 6,3%-ға ұлғайып, өнеркәсіптегі өндірілген өнім көлемі 431 млрд теңгені құрады.

Өңдеу өнеркәсібінде де оң динамика байқалады. Көрсеткіштер 43,5%-ға ұлғайып, 144 млрд теңгені құрап отыр.

Өңдеу өнеркәсібінің үлесі 2019 жылы 17 пайызды құраса, былтыр ол 30 пайызға жетті. Бұған өңірде шыны зауытының іске қосылуы, уран өңдеу өнеркәсібінің жандануы оң әсер етті. Биылғы негізгі капиталға салынған инвестиция бойынша 517 млрд теңгенің жемісі қойылған. Оны асыра орындау жоспарда бар. Себебі 5 айдың қорытындысы бойынша өңірде 174 млрд теңге тартылды, өткен жылмен салыстырғанда 40 пайыз артығымен орындалды.

Өңірде шыны зауытының іске қосылуы дамуға айрықша серпін берді. Қазір онда шыны кластерін құру жұмыстары басталды. Кәсіпорын жұмыс істеген уақыт ішінде 27,3 млрд теңгенің 20,8 млн шаршы метр шынысы өндірілді. Бүгінде 15 млн доллар көлеміндегі өз қаражатына қуаты жылына 5 млн шаршы метр болатын энергия үнемдейтін шыны шығаратын жаңа желіні іске қосты.

Шыны зауытының алғашқы өнімі 2022 жылы қазан айында алынған болатын. Жылдық қуаты – 197 мың тонна. Өнімнің 30%-ы экспортқа, 70%-ы ішкі нарыққа бағытталған. Зауыттың өнімдері Орталық Азия елдеріне, Ресейге, Әзербайжанға жөнелтіліп жатыр.

Айта кету керек, ішкі инвестицияның 80 пайызы – жеке инвестиция. Облыста алдағы бесжылдықта құны 1,1 трлн теңге болатын 76 жоба іске асырылады. Соның нәтижесінде жаңа жұмыс орындары ашылмақ. Биылдың өзінде 15 жоба іске қосылып, халықты 470 тұрақты жұмыс орнымен қамтиды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

БОКСШЫҒА ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев бокстан Олимпиада ойындарының қола жүлдегері, Азия ойындарының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаевпен кездесті. Еске салсақ, Қамшыбек Ханчжоу (Қытай) қаласында өткен XIX Жазғы Азия ойындарында күміс жүлдегер атанып, Париж Олимпиадасына жолдама жеңіп алған еді.

3-бет

/// ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

САНАМЫЗҒА СІҢГЕН РУХ

Қоғамды ұлттық мәдениет пен бірегейлікті сақтау, қайта жаңғырту идеясының төңірегіне одан әрі топтастыру мақсатында Ұлттық домбыра күні бекітілген еді.

Сол күннен бері бұл мереке тарихи қалыптасқан мерекелермен қатар тұрып, өзінің мәнін тез айқындады. Себебі, қазаққа домбыра туралы әлдеқандай түсінік беріп жатудың қажеті шамалы. Қарағайдан жасалған қасиетті аспап – тарихымызбен бірге жасасып келе жатқан шежіре-әпсанамыз.

6-бет

/// ҚҰРМЕТ

АРДАГЕРДІ МЕРЕЙТОЙЫМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Денсаулық сақтау ісінің үздігі, медицина саласының ардагері Асылбек Тоғызбаевты мерейтойымен құттықтады. Іс-шараға ардагерлер мен зиялы қауым өкілдері, Асылбек Тоқмырзаұлының әріптестері қатысты.



Аймақ басшысы мерейтой иесінің халық денсаулығын сақтаудағы ерен еңбегін атап өтіп, ізгі тілегін жеткізді.

– Сырбойылықтар еңбекпен келген абыройдың қадірін біледі, қасиетін жоғары бағалайды. Бүгін саналы ғұмырын осы салаға арнаған, Денсаулық сақтау ісінің үздігі, Қызылорда қаласының Құрметті азаматы, «Құрмет» орденінің иегері Тоғызбаев Асылбек Тоқмырзаұлы мерейлі 75 жасқа толды. Халқымыз алғыс аркалаған, ілтипатқа беленген өзіншедей ел ағаларымен мақтанады. Сізге тілеулері аз-маттардың, ақ-адал ниетті жерлестеріңіздің атынан бүгінгі мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтап, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шарада мерейтой иесіне Қызылорда облысының Құрмет грамотасы табысталып, жұбайы, медицина саласының ардагері Мейрамкүл Ерғалиқызына сый-құрмет көрсетілді.


Асылбек Тоқмырзаұлын Қызылорда облысының Құрметті азаматы Бакберген Досманбетов, сала ардагерлері Еркебай Аяпов, Абдулла Шүленбаев құттықтады.

Асылбек Тоғызбаев 1949 жылы Терөзек ауданында дүниеге келген. Ақтөбе мемлекеттік медицина институтының «Емдеу ісі» факультетін бітірген. Студент кезінен орта буын қызметкер болып Ақтөбе балалар ауруханасының хирургия бөлімінде жұмыс істеген.

Дәрігерлік еңбек жолы 1973 жылы Қызылорда облыстық ауруханасының анестезиология-реаниматология бөлімінде басталған. Мұнда 1982 жылға дейін дәрігер, одан кейін қан құю бөлімінің меңгерушісі болып қызмет етті. 1982-1990 жылдары бас дәрігердің ұйымдастыру-әдістемелік жұмыстар жөніндегі орынбасары болды. Ал 1990-1994 жылдары Жаңақорған аудандық ауруханасының бас дәрігері, 1994-1997 жылдары облыстық аурухана бас дәрігерінің кеңес беру-диагностикалық орталығы жөніндегі орынбасары, 1997-2008 жылдары облыстық ЖИТС орталығының, 2008-2017 жылдары Қызылорда қалалық ауруханасының бас дәрігері қызметтерін атқарды.

Асылбек Тоқмырзаұлының денсаулық сақтау саласындағы еңбек өтілі жарты ғасырға жуықтайды. Ел мүддесі жолындағы ерен еңбегі мемлекет тарапынан лайықты бағаланып, «Денсаулық сақтау ісінің үздігі», Қызылорда қаласының Құрметті азаматы атанды, «Құрмет» орденімен марапатталды.

Облыс әкімінің
баспасөз қызметі



КӨПЖАҚТЫ ДИАЛОГТЫ НЫҒАЙТУ – ОРНЫҚТЫ БЕЙБІТШІЛІК ПЕН ДАМУҒА ҰМТЫЛУ



Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан ШЫҰ төрағасы ретінде алдыңғы саммитте айтылған барлық мақсат-міндетті толығымен орындады. Сондай-ақ Президент еліміздің бастамаларын жүзеге асыруға қолдау көрсетіп, белсенді атсалысқаны үшін барлық мемлекетке шынайы ризашылығын білдірді.

Мемлекет басшысы «Шанхай ондығына» кіретін елдер үшін стратегиялық маңызы бар басты бағыттарға тоқталды. Президент қауіпсіздік саласындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайтуды бірінші маңызды бағыт ретінде атады.

– Қазіргі күрделі ахуал – негізінен халықаралық қатынастар жүйесіндегі дағдарыс салдары. Осы ретте халықаралық құқықтың кемшін тұстарын түзеп, геосаяси тұрғыдан жікке бөлінуге жол бермеу мақсатымен, түптеп келгенде, жаһандық ауқымдағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту үшін ШЫҰ өзіннің тұрақтандырушы және жасампаздық рөлін күшейту қажет, – деді Президент.

Мемлекет басшысының айтуынша, Шанхай ынтымақтастық ұйымы бүкіл Еуразия құрлығындағы бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге кепіл болатындай айрықша мүмкіндіктерге ие. Ұйымға мүше мемлекеттерге «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» ШЫҰ бастамасын жүзеге асыру дәл осы мақсатпен ұсынылды.

Сонымен қатар Президент Әскери саладағы сенім шаралары туралы келісімді әзірлеп, қабылдайтын уақыт келгенін айтты. Бұл ретте «Үш зұлмын күшпен» күрес мәселесі әрдайым жіті назарда болуға тиіс.

Қасым-Жомарт Тоқаев киберқауіпсіздікті күшейту Ұйымға мүше елдерге ортақ тағы бір маңызды міндет екеніне назар аударды. Сонымен қатар ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердегі ақпараттық инфрақұрылымның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін ұдайы ақпарат алмасуға, үздік тәсілдер мен озық тәжірибелерді қолдануға бағытталған арнайы механизмді әзірлеуді ұсынды.

Қазақстан Президентінің пікірінше, бүгін халықаралық ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша қабылданатын Өзара іс-қимыл жоспары аталған мақсаттарға сай келеді.

Президент сауда-экономикалық байланыстарды кеңейту ынтымақтастықтың басым бағыттарының бірі екеніне назар аударды.

– Әлемдік экономикада жағымсыз үрдістер белең ала бастады. Дүниежүзілік банктің мәліметі бойынша биыл жаһандық экономиканың өсім қарқыны бәсеңдейді. Әлем экономикасының өсіміне серпін беретін жана бағыт және мүлде басқа даму парадигмасы қажет екені анық. Сондықтан, біздің ойымызша, сауда-экономикалық кооперацияны кеңейту, капитал мен технологияның еркін қозғалысына жағдай жасау, климаттың сын-қатерлерімен күресу – Шанхай ұйымының маңызды міндеттері. Өзара саудаттықтың артуы ШЫҰ кеңістігі үшін ортақ үздіксіз айналып келеді.

Мәселен, Қазақстанның ШЫҰ елдерімен сауда көлемі өткен жылдың қорытындысы бойынша 6,5 пайызға өсті. ШЫҰ-ға мүше елдердің технологиялық базасы үлкен және экономиканың барлық маңызды секторларын дамыту үшін орасан зор нарығы бар. Арнайы салық, кеден және көші-қон режимдерінің әзірленуі аталған бағытта ілгерілетуге айтарлықтай септігін тигізеді. Осы ретте ШЫҰ аясында Экономикалық жеңілдіктер базасын құру туралы Қазақстанның ұсынысы өзекті болып қала берді. Инвестициялық жобаларды талқылап, бекіту үшін бірінші алаң құру қажеттігі айқындала түсті. «Астана» халықаралық қаржы орталығының базасында Жобалық қызметті қаржымен қамтамасыз ету механизмін құруды ұсынамыз. Қытай, Ресей, Үндістан, Өзбекстан, Қырғызстан қазіргі өзінде аталған алаңда белсенді жұмыс істеп жатыр. Жалпы, АХҚО резиденттерінің 20 пайызы – ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің компаниялары, – деді Президент.

Мемлекет басшысы тиімді дәліздер мен сенімді тасымал тізбектерін құру арқылы көлік байланыстарын нығайтуды ынтымақтастықтың келесі бағыты ретінде атады.

– Біз Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын, Транскаспий халықаралық көлік бағдарын және «Солтүстік–Оңтүстік», «Орталық Азия – Оңтүстік Азия» бағыттары бойынша трансевразиялық дәлізді одан әрі бірлесіп дамытуға баса мән береміз. Бұл жоспарларды жүзеге асыру үшін ШЫҰ аясында Стратегиялық порттар мен логистикалық орталықтардың серіктестік желісін құру жөнінде нақты шаралар қабылдау маңызды, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы Шанхай ынтымақтастық ұйымын реформалау және жаңғырту қажеттігіне арнайы тоқталды.

– Қарқынды жаһандық өзгерістерге байланысты біздің алдымызда ШЫҰ қызметін одан әрі жетілдіруге бағытталған маңызды міндет тұр. Ұйым аясында негуюдерісі жана мүмкіндіктерге жол ашып, оны дамытуға тың серпін береді. Еліміз ШЫҰ-ға төраға ретінде Ұйымды ынтымақтастықтың бұдан да тиімді әрі көпжақты механизмге айналдыруға көздейтін теңгерімді ұсыныстарын ортаға салды. Атап айтқанда, біз ШЫҰ Хатшылығы мен Бас хатшының рөлін күшейтуді күштіміз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қазақстан Президенті айтылған барлық ұсыныс ШЫҰ-ға мүше елдерге ортақ игі мақсаттарға қол жеткізуге барынша үлес қосуға деген шынайы ниеттен туындағанын атап өтті.

Мемлекет басшысы сөзінің соңында қолдағандары үшін Ұйымға мүше елдердің басшыларына ризашылығын білдірді. Сонымен қатар Қытай Халық Республикасының Төрағасы Си Цзиньпинді ШЫҰ-ға мүше мемлекеттер басшыларының кеңесіне төраға болуымен шын жүректен құттықтап, Қытай тарапына табыс тіледі.

Сонымен қатар саммит барысында Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Иран Президентінің міндетін атқарушы Мұхаммед Мохбер, Қытай Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Үндістан Сыртқы істер министрі Субрамания Джайшанкар, ШЫҰ Бас хатшысы Чжан Мин, ШЫҰ Аймақтық терроризмге қарсы құрылымы Аткарушы комитетінің директоры Руслан Мирзаев сөз сөйледі.

Қасым-Жомарт Тоқаев отырысты қорытындылай келе, көпжақты ынтымақтастықты ілгерілету жөніндегі ауқымды мәселелер талқыланып, Ұйымды одан әрі дамыту бағыты айқындалғанын атап өтті.

– Біз Шанхай ынтымақтастық ұйымының келешегінен үміт күтіміз. Қазір біз қол қоятын құжаттар ШЫҰ аясындағы ынтымақтастықтың жаңа кезеңіне қол ашатынына, Ұйымның жүйелі әрі жан-жақты дамуына септігін тигізетініне сенімдімін, – деді Қазақстан Президенті.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңес отырысы барысында құжаттарға қол қойды.

Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің отырысынан кейін саммит «ШЫҰ плюс» форматында жалғасты.

Қасым-Жомарт Тоқаев жиынға қатысушылар алдында сөйлеген сөзінде Шанхай ынтымақтастық ұйымының халықаралық аренадағы рөліне айрықша тоқталды.

– Бүгінде әлем бұрын-соңды болмаған геосаяси қайшылықтар мен қақтығыстардың күшеюіне байланысты туындаған күрделі сынақтармен бетпе-бет келіп отыр. Халықаралық қауіпсіздіктің архитектурасына қауіп төніп тұр. Тұтас адамзат үшін оның зардабы ауыр болуы мүмкін. Осындай сын сағатта бізге өңірлік және жаһандық деңгейдегі ұжымдық күш-жігер арқылы бейбітшілікті, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту үшін орасан зор жауапкершілік жүктеліп отыр. Шанхай ынтымақтастық ұйымы өз беделімен, елеулі экономикалық және адами ресурстарымен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізіп, заманауи сын-қатерлерді еңсеру үшін тиімді шешімдер әзірлей алады. Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалығы кезінде көтерген «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» атты ұраны ортақ миссиямыздың мән-маңызын айқын көрсетеді, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев бейбіт және үйлесімді даму мәселесін ілгерілетуді ШЫҰ аясындағы көпжақты ынтымақтастықтың басты міндеті ретінде атап өтті.

– Ұжымдық күш-жігер мен парасатты дипломатия арқылы ғана әлемдегі басты қайшылықтардың түйінін тарқатып, дүниежүзінде ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге болады. Мен бұған сенімдімін. Осы орайда келесі жылы сексен жылдығын атап өтетін Біріккен Ұлттар Ұйымына зор үміт артылады. Бұл әмбебап ұйымның баламасы жоқ, оның әлеуеті әлі де мол. Біздің ортақ міндетіміз – БҰҰ-ның жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, XXI ғасыр сын-қатерлеріне тиімді қарсы тұра алатын басты халықаралық институт ретіндегі рөлін күшейту. Қазіргі заманның түрлі проблемасына қатысты ортақ ұстанымның жаршысы ретінде «ШЫҰ дауысы» халықаралық аренада қатырақ естілуі керек және солай болуға тиіс. Сондықтан біз қабылдаған Тату көршілік, сенім және ынтымақтастық қағидаттары туралы мәлімдеме өте өзекті, – деді Мемлекет басшысы.

Қазақстан Президенті Біріккен Ұлттар Ұйымының 80, сондай-ақ ШЫҰ мен БҰҰ ынтымақтастығының 20 жылдығына қарай «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» бастаманы қолдау үшін БҰҰ Бас Ассамблеясының резолюциясын қабылдауды ұсынды.

Мемлекет басшысының пікірінше, сауда-экономикалық байланыстарды нығайтуға айрықша мән берген жөн.

– Санкциялық даулар жаһандық экономикаға айтарлықтай зиян келтіріп, оның даму перспективаларының аясын тарылтып жатыр. Мұндай жағдайда бізге оң динамиканы сақтауға және әлеуетімізді арттыруға бағытталған сауда-экономикалық ықпалдастықтың неғұрлым икемді стратегиясын құру қажет. Қазіргі кезеңде ШЫҰ-ға мүше елдердің экономикасы 4 пайыздан 9 пайызға дейінгі жоғары өсім қарқынын көрсетіп отыр. ШЫҰ мемлекеттерінің әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі қазіргі өзінде 30 пайызды құрайды. Бүгінде Ұйымға мүше мемлекеттердің сыртқы саудасы 8 триллион доллардан асты. Бұл – әлемдік сауданың төрттен біріне тең, – деді Президент.

Мемлекет басшысы Азияның экономикалық

тұрғыдан өркендеуіне көбіне ШЫҰ-ға мүше елдердің ықпалы зор екенін атап өтті. Сондай-ақ Қазақстан тарапы Қытайдың ішкі ауқымды нарығына ШЫҰ елдерінің қолжетімділігін арттыру және Ұйымға мүше елдермен тауар айналымын 3 триллион долларға дейін жеткізу ниетін құптады.

– Шанхай ынтымақтастық ұйымының экономикалық әлеуеті орасан зор. Біз оны толыққанды пайдалануымыз қажет. Бүгін ШЫҰ экономикасын дамытудың 2030 жылға дейінгі стратегиясын жүзеге асыру жөніндегі нақты іс-қимыл жоспарын қабылдадық. Аталған құжат осы басты мақсатқа сай келеді. ШЫҰ-ның ЕАЭО, БРИКС және АСЕАН секілді интеграциялық бірлестіктермен өзара ықпалдастығы кең мүмкіндіктерге жол ашады. Көлік жолдарының өзара байланысын одан әрі нығайту әлемдік сауданың тұрақты өсіміне зор ықпал етеді. ШЫҰ-ға мүше елдердің аумағы арқылы 350 мың шақырымнан астам теміржол өтеді. Әлемдегі жүк тасымалының үштен екі бөлігі осы жолдарға тиесілі. Сондықтан ШЫҰ кеңістігі жаһандық сауданы дамытуға арналған Үлкен Еуразиялық белдеуге айнала алады, – деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан Еуразиялық көлік жүйесінің ең маңызды бөліктерінің бірі саналады. Сондай-ақ еліміздің «Бір белдеу, бір жол» мегажобасын, Транскаспий көлік бағытын және «Солтүстік – Оңтүстік» дәлізін өзара ұштастыру, стратегиялық порттар мен логистикалық орталықтардың серіктестік желісін құру ісіндегі бастамалары туралы мәлімдеді.

Мемлекет басшысы қазіргі жағдайда экология және климаттың өзгеруіне қарсы күрес салаларындағы ынтымақтастықтың өзектілігі арта түскеніне тоқталды.

– Біз түрлі табиғи катаклизмдердің айтарлықтай көбейгеніне куә болдық. Әлемдегі барша мемлекет бұдан орасан зор зардап шегіп отыр. Жуырда Қазақстан бұрын-соңды болмаған су тасқынын бастан өткерді. Мамандардың пікірінше, бұл табиғат апатының ауқымы жаһандық жылыну процесімен тікелей байланысты. Климаттың сын-қатерлерін жалғыз еңсеру мүмкін екені емес анық. Әлемдік қауымдастық экономиканың декарбонизациялау жөніндегі батыл қадамын жалғастыруға тиіс деп санаймын. Бірақ бұл мемлекеттердің дамуға және жаңғыруға бағытталған маңызды міндеттеріне зиянын тигізбей керек, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы ішкі су көздерінің деградацияға ұшырау проблемасын шешу, жана су үнемдеу технологияларын енгізу жөніндегі іс-қимыл жоспарын әзірлеуді ұсынды. ШЫҰ-ға мүше мемлекеттердің бұл бағыттағы ортақ күш-жігері БҰҰ Бас Ассамблеясы жариялаған Мұздықтарды сақтаудың халықаралық жылы аясындағы мақсаттарды жүзеге асыруға ШЫҰ-ның қосқан нақты үлесі болмақ.

Президенттің пікірінше, ШЫҰ қызметінің аса маңызды бағытының бірі – мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейту. Бұл сала Қазақстанның Ұйымға төрағалығы кезінде ұдайы назарда болды.

– Қазақ жері – ежелден түрлі өркениеттер тоғысқан мекен. Үлкен Еуразияның бірегей мәдени кодын бойына сіңірген ШЫҰ-ның алып кеңістігі халықтар арасын жақындатуға дәнекер болып, өзінің тарихи рөлін одан әрі атқара беруге тиіс және солай боларына сенімдімін. Осы орайда мәдени орталықтар ашу пәрменді шара саналады. Бүкіл ШЫҰ аумағында осындай жобалардың жүзеге асырылуы елдеріміз арасында барынша тығыз мәдени-гуманитарлық байланыс орнатуға ықпал етеді деп ойлаймын. Бұл іске жастарды белсенді тарту маңызды. Осы ретте олардың жан-жақты дамуына және өзара қарым-қатынасын жандандыруға барынша жағдай жасау қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев ШЫҰ-ға мүше елдердің күш қосбасшылары мен таланттарының жыл сайынғы кездесуін өткізу, диалог аясындағы серіктестердің жана оқу ориндарын қосу арқылы ШЫҰ университеттері желісін кеңейту, техникалық мамандықтар үшін бөлінетін грант санын жылдан-жылға көбейту жөнінде ұсыныс айтты.

Мемлекет басшысы сөзін қорытындылай келе, Қазақстанның ШЫҰ аясындағы және «ШЫҰ плюс» форматындағы жан-жақты әрі өзара тиімді ынтымақтастыққа бейілді екенін мәлімдеді. Сондай-ақ серіктес елдердің барлық конструктивті ұсынысы Ұйымның одан әрі қарқынды дамуына тың серпін беретініне сенім білдірді.

Саммитте Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Антониу Гутерриш, Беларусь Президенті Александр Лукашенко, Иран Президентінің міндетін атқарушы Мұхаммед Мохбер, КХР Төрағасы Си Цзиньпин, Қырғызстан Президенті Садыр Жапаров, Пәкістан Премьер-министрі Шахбаз Шариф, Ресей Президенті Владимир Путин, Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон, Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев, Үндістан Сыртқы істер министрі Субрамания Джайшанкар, Монғолия Президенті Ухнаагийн Хурэлсух, Өзербайжан Президенті Ильхам Әлиев, Түрікменстан Халқ Маслахатының төрағасы Гурбангулы Бердімұхамедов, Түркия Президенті Режеп Тайип Ердоған, БАӘ Жоғарғы кеңесінің мүшесі, Рас-Әл-Хайма әмірлігінің билеушісі шейх Сауд бен Сакр Әл Қасими сөз сөйледі.

/// ПІКІР-ПАЙЫМ

ӘДІЛЕТТІ ӘЛЕМ, БЕЙБІТШІЛІК ЖӘНЕ КЕЛІСІМ

Он алты елдің мемлекет және үкімет басшылары бас қосқан Астанадағы Шанхай ынтымақтастық ұйымының 24-саммитінде жоғарыда аталған үш мәселе ерекше маңызға ие болды. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, қазір әлемдік қауымдастыққа жетіспейтіні – осы. Геосаяси қақтығыстардың адамзат баласы үшін салдары ауыр болуы мүмкін. Бұл ретте беделді бірлестік шиеленістерді бейбіт жолмен шешуге, сондай-ақ қауіпсіздікті сақтауға күш салуы тиіс.

– Шанхай ынтымақтастық ұйымы өз беделімен, елеулі экономикалық және адами ресурстарымен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізіп, заманауи сын-қатерлерді еңсеру үшін тиімді шешімдер әзірлей алады. Қазақстанның ұйымға төрағалығы кезінде көтерген «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» атты ұраны ортақ миссиямыздың мән-маңызын айқын көрсетеді, – деді Мемлекет басшысы.

Астана саммиті екі күн бойы әлемдегі күрделі жағдайлар талқыланып және қауіп-қатерді шешу жолы ізделген диалог алаңына айналғаны рас. Жер-жаһанда геосаяси тұрақсыздық артқан тұста әлем көшбасшыларын келіссөз үстелінің басына жинап, маңызды мәселелерді талқылап, шешімін табуға ұмтылуы Қазақстанның дүние жүзіндегі беделін тағы да айшықтай түскендей.

Шанхай бестігі ретінде басталып, кейін «сегіздік» деп аталған, ал күні кеше ондыққа айналған ұйымның келелі жиыны жоғары деңгейде ұйымдастырылғанын, еліміздің әлемдік қауымдастықтағы орны мен ықпалы туралы шетелдік меймандар да, отандық сарапшылар да ерекше атап өтті.

Төменде әртүрлі ақпарат құралында жарияланған пікірлерді топтастырып беруді жөн көрдік.

Чжан МИН, Шанхай ынтымақтастық ұйымының бас хатшысы:

– 2023 жылдың шілде айынан ұйымға Қазақстан төрағалық етті. Мемлекет тарапынан әртүрлі салалар бойынша 140-тан астам шара өтті. Серіктестер осы аралықта экономикалық, инвестициялық, экологиялық, мәдени-гуманитарлық мәселелерге назар аударды. Қазақстан төрағалығы мазмұнды болды деп нық сеніммен айта аламыз. Шанхай ынтымақтастығы ұйымының бүгінгі саммиті нәтижелі, маңызды сындалып шараларды қамтыды. Тарихта қалғанын елеулі саммит.

Қазбек МАЙГЕЛДИНОВ, «Қытайлы зерттеушілер қауымдастығы» КҚ төрағасы, саясаттанушы:

– Биылдан бастап Қазақстан бірнеше бастама көтерді. Біріншісі – экологиялық тұрақтылық. Екіншісі – Қазақстан үшін де, жалпы әлем үшін де маңызды цифрландыру мәселесі. Шанхай ынтымақтастық ұйымы аясында цифрландыру технопарктарын құру көзделіп отыр. Бұл не үшін керек? Қазіргі таңда Қытай – әлем бойынша жасанды интеллект, технология жөнінен алдыңғы қатарлы мемлекет. Осы тұрғыда Қазақстан өзге елдермен тәжірибе алмасу мәселесіне ден қойып отыр.

Айше СУБЕРКЕР, «TPT World» тілшісі:

– Әлемде геосаяси тәуекелдер, жанжалдар артқан тұста Шанхай саммитінің өтуі маңызды. Түркия секілді бақылаушы мемлекеттер де қатысып жатыр. Жақында Түркия президенті Режеп Тайип Ердоған Шанхай ұйымымен ынтымақтастықты арттыруға ниет білдірді. Бұл еліміздің мүддесі үшін маңызды.

Бибігүл ЖЕКЕНБАЙ, ҚР Парламенті Сенатының депутаты:

– Мемлекет басшысы Шанхайдың ондығына кіретін барлық елдер үшін стратегиялық маңызды бар негізгі бағыттарды белгіледі. Президент бірінші бағыт ретінде қауіпсіздік саласында өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайтуды атады. Ағымдағы күрделі жағдай халықаралық қатынастар жүйесінің терең дағдарысының салдары болып саналады. Осы жағдай аясында Шанхай ынтымақтастық ұйымы халықаралық құқықтың эрозиясын еңсеру, геосаяси бөліністерге жол бермеу, сайып келгенде, кең жаһандық контексте бейбітшілік пен қауіпсіздікті нығайту үшін тұрақтандырушы және құрушы рөлін арттыруы тиіс.

Ерлан АХМЕДИ, халықаралық саяси сарапшы:

– Шанхай ынтымақтастық ұйымының мақсаты – әлемді бөлмеу, керісінше, бірлікке шақыру. Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті әлем – біртұтас адамзат баласы» деген ұсынысы бар. Сонымен қатар Қытай басшысы Си Цзиньпиннің «Адамзат баласы үшін біртұтас тағдыр» деген ұсынысы бар. Бір-бірімен үндес. Қазіргі күні геосаясатта әлемді глобалды солтүстік, глобалды оңтүстік деп бөледі. Беделді ұйымның мақсаты – әлемді бөліп-жармау, оның орнына біріктіріп, диалог арқылы үстел басында бұл мәселелерді шешу.

Дайындаған
Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ӘЛЕМГЕ ТЫНЫШТЫҚ ПЕН ТҰРАҚТЫЛЫҚ ҚАЖЕТ

Жаһан жұртының назары Астанаға ауды. Өйткені елордада Қазақстанның төрағалығымен Шанхай ынтымақтастық ұйымының саммиті өтті. «ШЫҰ плюс» кездесуі «Әділ әлем, келісім және даму жолындағы жаһандық бірлік туралы» тақырыбында өріп, 25 халықаралық құжатқа қол қойылды. Қазірдің өзінде әлемнің сақа сарапшылары бұл саммитті өте маңызды қадам, байыпты бастама ретінде бағалауда.

Саммиттің кеңейтілген отырысында Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан әлемдік геосаяси процестерге қатысты өзінің ұстанымын өзгертпейтінін айтып, «ШЫҰ дауысын» белсенді ілгерілетуге шақырды.

Бұл – дұрыс ұстаным, парасатты пайым. Өйткені ұзақ жылдар бойы қалыптасқан геосаяси, геэкономикалық байланыстарға санылау түсіп, жаһандық қайта бөлісу үдерісі қарқынды жүруде. Саясаттанушылар 2032 жылға қарай жағдай қайта тұрақталып, әлемнің геосаяси архитектурасы қалпына келетінін дәйектеуде.

Әрине, саяси құбылыста ШЫҰ белсенділігін арттыру маңызды десек, Қазақстанның өзіндік орны мен ролі болуы керек. Президентіміз саммитте осыны аңғартып, ШЫҰ-ға қатысушы елдерге БҰҰ-мен бірлесіп «әділ бейбітшілік, келісім және даму үшін бейбіт бірлік туралы» бастаманы қолдауды ұсынды.

Рас, қазір ауыр зенбірек пен танкіге сенетін заман артта қалып барады, тек дипломатиялық және ұжымдық күш-жігер арқылы әлем қазіргі заманның әртүрлі мәселелерін жеңуге болады.

Осы орайда Қазақстанның ШЫҰ-ға төрағалығы кезінде көтерген «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» атты ұраны, бұл – мемлекеттер арасындағы өсіп келе жатқан геосаяси

шиеленіс пен текетірес тенденциясына жауап.

Бұл бастама – өзара сенімге, теңдікке, сыйластыққа және бірлескен дамуға ұмтылуға негізделген «шанхай рухын» күшейтуге ықпал етеді. Қазақстанның халықаралық бейбітшілікті және мемлекеттердің қауіпсіз қатар өмір сүруін қамтамасыз ету жөніндегі күш-жігерін айқын көрсетеді. Сонымен қатар, әділдік пен келісім тұжырымдамасын әлемдік деңгейге шығару Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың осы қағидағарға адалдығын және оларды тек Қазақстанда ғана емес, халықаралық кеңістікте нығайтуға деген ұмтылысын айқын көрсетеді.

Бастама шеңберінде «әділ әлем формуласын» ұжымдық іздеу процесін бастау, ашық, транспарентті, әділ, инклюзивті және кемсітпейтін көпжақты сауда жүйесін нығайту, сондай-ақ таза және қауіпсіз планета үшін жалпыға бірдей қозғалыс құру ұсынылды.

Қазақстан ұсынып отырған бағдарлама байыпты іске асса, онда ұлттар арасындағы достық қатынастарды дамыту, өзекті жаһандық проблемаларды шешуде халықаралық ынтымақтастықты жүзеге асыру жөніндегі жалпы әлемдік күш-жігердің жаңа кезеңі басталып, тыныштық пен тұрақтылық орнайды деп сенеміз.

Руслан РҮСТЕМОВ,
ҚР Парламенті Сенатының депутаты

СЫН-ҚАТЕРЛЕРДІ ЕҢСЕРУДЕГІ ТИІМДІ ШЕШІМ

Қазір әлемде геосаяси қайшылықтар мен қақтығыстар күшейіп тұр. Адамзат баласы соның салдарынан туындаған күрделі сынақтармен бетпе-бет келді. Айналып келгенде, мұндай күрделі жағдайдың өлем жұртшылығы үшін зардабы аз емес. Бейбітшілік, тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту үшін жауапкершілік жүгін жеңілдетуге болмайды. Астана қаласында өткен Шанхай ынтымақтастық ұйымы саммитінде осындай маңызды мәселелер таразыға тартылып, оны шешу жолдары сарапталды.

Айта кетсек, аталған ұйым өз беделімен, елеулі экономикалық және адами ресурстарымен тұрақты даму мақсаттарына қол жеткізіп келеді. Мамандар ұйымның заманауи сын-қатерлерді енесуі үшін тиімді шешімдер әзірлей алатынын айтып келеді.

Қазақстан ШЫҰ-ға төрағалығы кезінде көтерген «Көпжақты диалогты нығайту – орнықты бейбітшілік пен дамуға ұмтылу» атты ұранын алға тартты. Бұл ортақ миссияның мән-маңызын айқын көрсетті.

– Ұжымдық күш-жігер мен парасатты дипломатия арқылы ғана әлемдегі басты қайшылықтардың түйінін тарқатып, дүние-жүзінде ұзақмерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етуге болады. Мен бұған сенімдімін. Осы орайда келесі жылы сексен жылдығын атап өтетін Біріккен Ұлттар Ұйымына зор үміт артылады. Бұл әмбебап ұйымның баламасы жоқ, оның әлеуеті әлі де мол. Біздің ортақ міндетіміз – БҰҰ-ның жаһандық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін, XXI ғасыр сын-қатерлеріне тиімді қарсы тұра алатын басты халықаралық институт ретіндегі ролін күшейту. Қазіргі заманның түрлі проблемасына қатысты ортақ ұстанымның жаршысы ретінде «ШЫҰ дауысы»

халықаралық аренада қаттырақ естілуі керек және солай болуға тиіс. Сондықтан біз қабылдаған Тату көршілік, сенім және ынтымақтастық қағидағары туралы мәлімдеме өте өзекті, – деді Мемлекет басшысы үшін барысында.

Ашығын айтайық, санкциялық даулар жаһандық экономикаға айтарлықтай зиян келтірді. Өкініштісі, оның даму перспективасының аясын тарылтып жатыр. Президент мұндай жағдайда оң динамиканы сақтауға және әлеуетті арттыруға бағытталған сауда-экономикалық ықпалдастықтың неғұрлым икемді стратегиясын құру қажет екенін атап өтті.

Қазіргі кезеңде ШЫҰ-ға мүше елдердің экономикасы жоғары өсім қарқынын көрсетіп отыр. ШЫҰ мемлекеттерінің әлемдік ЖІӨ-дегі үлесі қазіргі өзінде 30 пайызды құрайды. Бүгінде Ұйымға мүше мемлекеттердің сыртқы саудасы 8 триллион доллардан асты.

Жалпы, әлемдік сарапшылар елордада өткен саммиттің маңызды екенін сезініп отыр. Бұл жөнінде оң бағасын берді.

Әмірбек ШАЙМАҒАМБЕТОВ,
облыстық мәслихат депутаты

МАҢЫЗЫ ЗОР ҮШ БАҒЫТ

Шанхай ынтымақтастық ұйымы – Еуразиядағы өңірлік қауіпсіздік, экономикалық ынтымақтастық және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуде әлеуетті рөл атқаратын маңызды халықаралық ұйым. Ұйымның негізгі мақсаттарына мүше мемлекеттерді біріктіретін кең аумақта тұрақтылық пен қауіпсіздікті нығайту, терроризм, сепаратизм, экстремизм, есірткі бизнесімен күресу, экономикалық ынтымақтастық, энергетикалық өріптестік, ғылыми және мәдени өзара іс-қимылды дамыту жатады.

Бейсенбіде өткен саммитте Мемлекет басшысы «Шанхай ондығының» барлық елдері үшін стратегиялық маңызы бар үш негізгі бағытты атады. Бірінші бағытқа қауіпсіздік саласындағы өзара сенім мен ынтымақтастықты нығайту жатады. Мемлекет басшысының пайымдауынша, «қазіргі күрделі ахуал халықаралық қатынастар жүйесіндегі дағдарыс салдарына» байланысты. Осы ретте терроризм, сепаратизм, экстремизм секілді «үш зұлым күшпен» күресуге назар аударылып, әскери саладағы сенім шаралары туралы келісімді әзірлеу және қабылдау қажеттігіне назар аударылды. Біздің ойымызша, саммитте айтылған осы стратегиялық көзқарас қауіпсіздік саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға, экономикалық интеграция мен тұрақты дамуға, мәдени алмасу мен азаматтар арасындағы өзара іс-қимылды ілгерілетуге бағытталған. Бұл бағыттар өзекті мәселелерді шешу, тұрақты, гүлденген және үйлесімді аймақтық кеңістік құру үшін өте маңызды.

Мемлекет басшысы ынтымақтастықтың екінші басым бағыты ретінде сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуді атады. Бұл – экономикалық интеграцияны нығайту, инвестицияларды тарту, инфра-құрылымды дамыту, экономиканы әртарап-тандыру, инновацияларды өрістетуге және тұрақты даму үшін қажет бастама. Сауда-экономикалық байланыстарды кеңейтуге назар аудару ұйымның барлық мүше мемлекеттерінің өсуі, дамуы және өркендеуіне ықпал ететін сенімді экономикалық құрылым қалыптастырады. Кеңейтілген экономикалық ынтымақтастық аймақтық экономиканы нығайтып қана қоймай, жаһандық экономикалық

тұрақтылыққа да ықпал жасайды.

Президент атап өткен үшінші бағыт ретінде тиімді дәліздер мен сенімді тасымал тізбектерін құру арқылы көлік байланыстарын нығайту аталды. Мүше мемлекеттерді байланыстыратын көлік дәліздерін құру және кеңейту аймақтық байланысты жақсарту үшін өте қолайлы. Бұл ретте көліктік және логистикалық ынтымақтастық үшін аймақтық келісімдер жасау бірлесіп трансшекаралық қозғалысты жеңілдетуі ықтимал. Озық технологияларды қолданатын ақылды көлік жүйелерін енгізу көлік операцияларын оңтайландырып, тиімділікті арттырады. Шанхай ынтымақтастық ұйымы көлік байланысын нығайту арқылы Еуразиядағы интеграцияны күшейтіп, экономикалық дамуды ынталандырады және мүше мемлекеттер халықтарының жалпы өмір сүру сапасын жақсартады. Демек, тиімді көлік желілері мен сенімді жеткізу тізбегі сауданы жеңілдету, экономикалық дамуды ынталандыру және аймақтық тұрақтылықты қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Қорыта айтқанда, Мемлекет басшысы ұсынған стратегиялық маңызы бар осы үш негізгі бағыт Еуразиядағы аймақтық қауіпсіздік, экономикалық даму, саяси ынтымақтастық пен мәдени алмасуға жаңаша ықпал жасайды деп ойлаймыз. Ұсынылған бағыт-бағдарлардың алдағы уақыттағы ықпалы аймақтың және одан тысқары елдердің болашағын қалыптастырудағы негізгі идеяға айналатынына сенімдіміз мол.

Мұрат НАСИМОВ,
саяси ғылымдардың кандидаты,
қауымдастырылған профессор

БОКСШЫҒА ПӘТЕР КІЛТІ ТАБЫСТАЛДЫ



Аймақ басшысы боксшының дайындық барысы туралы сұрап, алдағы дүбірлі додандан жеңіспен оралуына тілектестік білдірді.

– Қашымбек, біз сені мақтан тұтамыз! Бүгінгі жеткен биігің – жастайыңнан осы спорт түрін тандап, табандылық танытқан қажырлы еңбектің нәтижесі, ата-анаң, жанкүйерлердің тілегі мен батасының арқасында деп білеміз. Әрбір сырбайлық спортшының жетістігіне қуанамын. Ел спортшының мәртебесін асқақтатып, халықтың рухын көтерген жеңіс үшін барша Сыр жұртшылығының атынан алғыс білдіреміз.

Олимпиада ойындарына қатысып, жеңіс тұғырынан көріну – әр спортшының арманы. Бұл – еңбексүйгіштіктің, патриотизм мен өз күшіне деген сенімнің үлгісі. Чемпиондарымызға қарап, мыңдаған жастың спортқа деген құлшынысы артады. Бүгінгі кездесудің басты мақсаты – елдің ыстыққыласы мен тілегін жеткізу. Арқа сүйейтін, тілеуінді тілейтін қалың елдің, жерлестерінің атынан өзіңді қолдау әрі ынталандыру үшін арнайы сый-сияпат жасап, баспана кілтін табыстауды жөн көрдік, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Өз кезегінде спортшы Олимп шыңын бағындыруға бар күш-жігерін жұмсайтынын айтты.

1-бет

ТАПСЫРМА ТИЯНАҚТЫЛЫҚТЫ ТАЛАП ЕТЕДІ

ҚР Президентінің кеңесшісі Ернар Баспаевтың төрағалығымен өткен мәжілістің күн тәртібінде «Жайлы мектеп» ұлттық жобасын және «Таза Қазақстан» республикалық акциясын іске асыру барысы талқыланды.

Айта кетейік, «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында облыста 12300 орынға арналған 21 мектеп салу жоспарланған. Өткен жылы 6900 орындық 10 мектептің құрылысы басталса, биыл 5400 орындық 11 мектеп құрылысы басталады деп күтілуде. Қызылорда облысының әкімдігі мектептерге инфрақұрылым жеткізу бойынша жергілікті бюджеттен 118,4 млн теңге бөліп, жоба-сметалық құжаттары әзірленді. Сараптама қорытындысы алынды. Әрі қарай инфрақұрылым жүргізуге жергілікті бюджеттен 1,7 млрд теңге қаржы бөлініп, қазір 7 мектептің құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталды.

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылған «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық акциясына аймақ жұртшылығы белсене қатысуда. Тазалық акциясын жыл соңына дейін жалғастырудың іс-шаралар жоспары бекітілді.

Оның аясында өңірдің барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, абаттандыру және көркейту-

көгалдандыру жұмыстары жүргізілді. Бес кезеңнен тұратын «Таза өлке», «Киелі мекен», «Жасыл аймақ», «Өнегелі ұрпақ», «Мөлдір бұлақ» апталықтары ұйымдастырылды. Акцияға 300 мыңнан аса ерікті, қоғам қайраткерлері, бюджет саласы мен кәсіпорын қызметкерлері қатысты. 12 мың тоннадан астам қоқыс қалдығы шығарылып, елді мекендердегі скверлер мен парктер, тарихи-мәдени ескерткіштер, әлеуметтік нысандар, өнеркәсіп және бизнес нысандары, су объектілері, аулалар мен көшелердің бойы тазартылды.

Көркейту-көгалдандыру кезінде өңірдің климатына жерсінетін көшеттер егілді. Акция аясындағы шаралар республикалық және жергілікті бұқаралық ақпарат құралдарында кең көлемде ақпараттандырылуда.

Тазалық шараларының сапасын арттыру мақсатында әзірленген «Таза Қазақстан» онлайн платформасын іске қосуға Қызылорда облысы толық дайын.

ЖОСПАРДАҒЫ ЖҰМЫСТЫҢ ОРЫНДАЛҒАНЫ МАҢЫЗДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте өңірде қолға алынған жобаларға, алдағы жоспарланған жұмыстардың дайындығына қатысты бірқатар өзекті мәселе талқыланды.



Аймақ басшысы жұырда Сыр өңіріне жұмыс сапарымен келген Үкімет басшысы облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына оң баға бергенін атап өтті.

– Өздеріңіз білесіздер, 27 маусым күні ресми жұмыс сапарымен келген Үкімет басшысы аймақтағы жұмыстармен танысып, оң бағасын берді. Алдағы уақытта да қарқынды бөсеңдетпей, межеленген жобаларды уақытылы іске асыру қажет, – деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Жылында құрылыс салынатын жаңа нысандар, «Таза Қазақстан» республикалық акциясын жүзеге

асыру және тазалық жұмыстарын жіті назарда ұстау, таяуда пайдалануға берілетін «Қан орталығын» қажетті медициналық құрал-жабдықтарымен қамтамасыз ету, тағы басқа мәселелер талқыланды. Жауапты мекеме басшылары жұмыс барысын баяндап, тиісті тапсырмалар берілді.

Облыс әкімі жоспардағы мақсат-міндеттерді мерзімінде орындау қажеттігін айтып, ұсыныстарды жетекшілік жасайтын орынбасарлармен және орталық атқарушы органдармен алдын ала келісуді тапсырды.

/// БРИФИНГ

ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ СЕМИНАРЫ

ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің штаттан тыс балалар инфекционист-дәрігері, медицина ғылымдарының докторы, профессор Динагүл Баешова Сыр өліне жұмыс сапарымен келді. Іссапар барысында жергілікті мамандарға түрлі тақырыпта дәріс оқып, екі күндік семинар өткізді.

Оған аймақтағы инфекционист, жалпытәжірибелік дәрігерлер, балалар невропатологтары мен педиатрлар қатысты. Жиында балалар арасында жиі кездесетін жұқпалы аурулар және олардың диагностикасы мен емі туралы толыққанды ақпарат берілді.

– Тренинг өте жоғары деңгейде өтті әрі біздің мамандар білімін толықтырды. Қызылордаға арнайылап келген Динагүл Аяпбекқызына шексіз алғысымызды білдіреміз, – деді облыстық жұқпалы аурулар ауруханасы бас дәрігерінің орынбасары Шарипа Алиева.

Инфекционист-дәрігердің алғашқы дәрісі «Менингококк инфекциясын ерте анықтау және емдеу» тақырыбына арналды. Д.Баешова аталған диагноздың балалар денсаулығы мен өміріне келтіретін зиянын айтты. Науқасты қарау кезінде дәрігерге ескеретін жайттар туралы толыққанды мәлімет берді. Елордалық маман дәріс кезінде заманауи көрнекі құралдарды пайдаланып, пікір алмасу сағатын да өткізді. Дәріс екі күнге созылмақ.

– Коронавирустан кейін жұқпалы ауруларға немқұрайлы қарамау керек екеніне көзіміз жетті. Бүгінде Сыр өңірінде ғана емес, еліміздің барлық облыстарында вакцинамен бақыланатын аурулармен ауыратын адамдардың саны артып отыр. Оның ішінде көкөтел мен қызылша ауруы көбеюде. Естеріңізде болса, 2018-2019 жылдары Алматы облысының төңірегінде менингококк инфекциясы асқынған еді. Бұл ауру 6-7 жылда бір көтеріліп, ауыр дәрежеде өтеді. Тіпті салдарынан адам өліп кетуі де мүмкін. Сол себепті осының алдын алу мақсатында дәрістің алғашқы күнінде «Менингококк инфекциясын ерте анықтау және емдеу» деген тақырыпта баяндама жасадым. Жергілікті дәрігерлерге аурудың ағымы туралы айтып, қалай дайындалу керек екені жөнінде кеңес бердім. Одан бөлек, дәрісте балалар арасында жиі кездесетін жұқпалы аурулар, олардың диагностикасы мен емі басты назарда болды. Бұл диагноздың балалардың өмірі мен денсаулығына келтіретін зияны мен науқасты қарау кезінде дәрігердің ескеруі тиіс бірнеше жайтқа жеке тоқталдым, – деді профессор.

Жасыратын жоқ, жаз мезгілінде инфекциялық аурулардың қоздырғыштары көбейеді. Сол себепті балалар инфекционистің тәжірибесі сырбойлық балалардың денсаулығын жақсартуға, мамандардың біліктілігін арттыруға септігін тигізетіні анық. Мұндай тәжірибе алмасуға бағытталған шаралар алдағы уақытта да жалғасын табады.

Бұл туралы инфекционист-дәрігер өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте айтты.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІЛЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Департаменттің негізгі бағыттарының бірі – мемлекеттік қызмет саласындағы бақылауды жүзеге асыру. Бұл ретте жақп басынан бері 57 өтініш түскен.

Олардың 46-сы – жеке тұлға, 3-і – заңды тұлға, 8-і – мемлекеттік қызметшілер. Қарағанд өмініштерде конкурс өткізу қорытындысымен келіспеу, әлеуметтік қорғалу, әдеп нормаларын бұзу, тәртіптік жазаман келіспеу, конкурс өткізу тәртібіне қатысты сұрақтар жиі көтеріледі.

Құзыреттілік шегінде 23 тексеру жүргізілді. Нәтижесінде 143 бұзушылық анықталды. Олардың басым көпшілігі мемлекеттік қызметшілердің әлеуметтік мәселелеріне қатысты болып отыр.

Орын алған бұзушылықтарды жою бойынша 11 нұсқама енгізіліп, барлығы орындалды. Енгізілген ұсыныстардың нәтижесінде 1 қызметші тәртіптік жазаға тартылды, 2 мемлекеттік орган әктивтері заңсыздығы негізінде бұзылды, 3 әкімшілік іс қозғалды. Тексеру нәтижесімен 4 мемлекеттік қызметшінің құқықтары қалпына келтірілді.

Мысалы, Қармақшы ауданы әкімі аппаратына профилактикалық бақылау жүргізілгенде, бюджет қаражаты есебінен қызметтік іссапарларға, оның ішінде шет мемлекеттерге қызметтік іссапарларға арналған шығыстарды өтеу қағидаларының сақталмағаны анықталды.

Атап айтқанда, іссапарға жіберілген қызметкерге кетер алдында жол жүру ақысын, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстарды төлеуге тиісілі сома және тәулікка берілді. Іссапардан оралғаннан кейін қызметкер бес жұмыс күні ішінде шығыстар туралы растаушы құжаттарды қоса, есеп береді.

Қармақшы ауданы Т.Көмекбаев ауылдық округінің әкімі Астана қаласында іссапарда болған. Оған кетер алдында жол жүру ақысы, тұрғын үй-жайды жалдау бойынша шығыстар мүлде төленбегені анықталды. Қармақшы аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бас маманына, аудандық мәдениет және спорт бөлімінің сектор меңгерушісіне де мүлде төленбеген.

Департамент енгізген бұзушылықты жою туралы нұсқаманың нәтижесімен қызметшілерге іссапар шығындары төленді.

Сонымен қатар, Қазалы ауданы әкімі аппаратына профилактикалық бақылау жүргізілгенде, Ф.Мұратбаев ауылдық округінің әкіміне тәртіптік жаза қолдану барысында «Мемлекеттік қызметшілерге тәртіптік жаза қолдану» қағидаларының талаптары сақталмағаны анықталды.

Нұсқама беріліп, ауылдық округ әкіміне тәртіптік жаза қолдану туралы бұйрықтың күші жойылып, құқығы қалпына келтірілді.

Алдағы уақытта да аумақтық департамент азаматтардың, соның ішінде мемлекеттік қызметшілердің де құқықтарын қалпына келтіру бағытындағы жұмыстарды одан әрі жалғастыра береді.

Е.МЕНДАЛИЕВ,
Мемлекеттік қызмет істері агенттігі
облыс бойынша департаментінің басшысы

/// МЕРЕЙ

Сыр медицинасын алға бастыруда өзіндік қолтаңбасымен ерекшеленген Асылбек Тоқырзаулының еңбек жолы көпке үлгі. Бүгінде жетпіс бес жастың белесіне көтерілген сала ардагерінің шынашқайтынан шынайы еңбекқорлық пен жанашылыққа жақын мінез-ұстанымын бел тұтып, бедел қалыптастырған баянды ғұмыр-дариясынан қасиетті кәсібіне деген айнымас адалдығын таныр едіңіз. Адам өміріне араша болумен қатар қоғам тамырының соғысын тануға ұмтылған жас талаптың денсаулық саласын жүйелеу, ұйымдастыру мен басқару жауапкершілігін отыз жастың о жақ, бұ жағында жүрексіңбей міндетіне алуы мерейлі биігінің мөддір бастауы тәрізді.

Осындай еңбегі арқылы Сыр өңірі халқының

автокөлікпен, рационмен қамтамасыз етілді.

Ауыл медицинасы да назардан тыс қалмады, Түркістан, Келінтөбе, XXIII партсъезд, Талап, Бірлік, Төменарық ауруханалары күрделі жөндеуден өткізілді. Қажет кадрлармен, медициналық аппаратуралармен толықтырылды.

ДЕРТТІГЕ – ШИПАГЕР, ДЕНСАУЛЫҚ КҮЗЕТІНДЕ – МЕНЕДЖЕР

Осы жерде ой келеді.

Ауданның денсаулық саласына Тоғызбаев келгенше бүкіл жұмыс тоқырап, тоқтап тұрған ба?



ТӨРТТАҒАН немесе ТОҒЫЗБАЕВТЫҢ ТЕОРЕМАСЫ

қалаулысына айналған үлкен жүректі азаматтың өмір жолына тоқталып өтсек, былай өрліеді. Ол 1949 жылы 7 шілде дүниеге келіпті. Қызылорда қаласындағы Ы.Алтынсарин атындағы №10 мектепті үздік тәмамдап, жүрек қалауымен Ақтөбе мемлекеттік медицина институтына түседі. 1973 жылы жолдамамен Қызылорда облыстық ауруханасының анестезиология-реанимация бөліміне орналасады. Мамандығын жетік меңгерген, келешегінен үміт күттірген жас жігіт 1982 жылы облыстық аурухана бас дәрігерінің ұйымдастыру-әдістемелік мәселелер жөніндегі орынбасары болып тағайындалады. Ал 1990 жылдан бастап Жаңақорған аудандық ауруханасына басшылыққа жіберіліп, ауыл медицинасын аяққа тұрғызуға тура келеді.

Асылбек Тоғызбаевты жаңақорғандықтар осы жылдары жақын таныдық деуімізге болады.

Токсаныншы жылдардың тоқырауында тұралаудан шет қалмаған ауданның денсаулық саласының тағдыр-талайын сол кезеңдері екі тізгін, бір шылбырдың қолға алып, іс басына келген білікті маман Асылбек Тоғызбаевтың есімінен бөліп-жара алмаймыз. Артта қалған ауыр сын ақиқаты осыны меңзейді.

«Өтпелі кезеңде өмір сүр». Жапондардың ең үлкен қарғысы саналатын осындай қиын шақта жоқтан бар жасау, қауқары кетіп қалжырағандыққа қайта аяққа тұрғызу үшін талап аз, табандылық қажет екен. Жанына батқан дертінде жәрдем іздегенде жандалбасалап ақ халаттыларға күні қарайтын қараша жұрттың маңдайына осындай мазасыз шақта Асылбек аға сынды марқасқанды бұйыру бүгін ойлап қарасак, мұқым жақсылықтың мөддір бастауындай болыпты. Сөзіміз дәлелді болу үшін сол кезеңдерді ойша көз алдымызда тірілтіп көрейік.

Алғаш қабырғасы қаланған алпысыңшы жылдардан бері бірде-бір рет жөндеу көрмеген ауруханада қарапайым қажеттіліктердің өзі тым тапшы болатын. Ішкі су кіргізілмеген, әжетхана сыртта. Сырқаттарға тамақты аулада отқа пісіріп, кір-қоң далада жуылатын қарабайырлықтың үстінен түсті. Емхана орталық дорхананың бір бөлігінде балаға да, ересекке де аралас қызмет көрсетеді екен. Жедел жәрдем көліктері тозған. Жағдайға қаныққан сон аурухана жұмысын түбегейлі қайта құру қажеттігіне көзі жетті. Ең алдымен емдеу-сауықтыру жұмыстарын жолға қоюға кірісті. Ауданда туу көрсеткіші өте жоғары екенін ескеріп, перзентхананы қолайлы орынға көшірді.

Бұл кезде инфекция әсіресе, балалар арасында өршіп тұр екен. Аудан бойынша нәресте өлім-жітімі жиілепті. Жағдайды оңалту үшін алдымен тозған ғимаратты толық жөндеуден өткізу керек. Ол бес түйратікті ішінде бөлімше қабырғаларын қайта сылатын, шіріп кеткен су құбырларын ауыстырып, жылу, электр жүйесін жаңалауға тура келді. Екі қабаты аурухана ғимараты түгелге жуық күрделі жөндеуден өткізіліп, ота жасайтын бөлме арнайы медициналық құралдармен жабдықталды.

1991 жылы күз айында Қазақстан компартиясы таратылғаны жөнінде жиын болып, осы жиынға қатысуға келген облыс басшысы Сейілбек Шаухамановқа арнайы жолығып, аудандағы ешманхың жағдайы нашар, өзі тар, нормативке сай келмейтінін дәлелдеп, атқару комитеті таратылғандықтан босап жатқан ғимаратын алып беруді сұрады. Мұны сол кезеңде аудан басшысы И.Әбибуллаев та қолдады. Сөйтіп, аяқастынан орталықтағы еңесі биік, суелеткі ғимарат ешманхың еңісіне тиіп, күні кешеге дейін, яғни жаңа емхана тұрғызылғанша тұрғындарға қызмет көрсетіп келді.

Жаңа рентген аппараты алынды. Ауылдық ауруханаларда пайдаланылмай, қоймаларда тұрған лабораториялық аппараттарды орталыққа алып келіп, ЭКГ кабинеті, лаборатория, физиотерапиялық бөлім ашылды. Аудандар арасында бірінші болып ультратыбыстық зерттеу, асқазан қуысын, ас қорыту жүйесін зерттейтін гастродуоденоскоп аппараттары алынып, кадр дайындау жолға қойылды. Халық бұрынғыдай облыс орталығына сабылмай, тұрғылықты жерде жан-жақты тексерілуге мүмкіндік алды. Жедел жәрдем мәселесі шешіліп, бөлім дәрігер-фельдшермен,

Адам бар жерде ажалға араша тұрап ақ халаттылардың жанкешті еңбегін ешнәрсемен теңгеруге болмайды. Аудан тарихында аты қалған «алтын қолды» дәрігерлеріміз қаншама?! Бір анық мәселе, басшы болуда жақсы дәрігер болу аз, мықты ұйымдастырушы, бүгінгі заман тілімен айтқанда, менеджер бола білуің керек.

1982-1990 жылдары облыстық аурухана дәрігерінің ұйымдастыру-әдістемелік ісі бойынша орынбасары болып қызмет атқарғанда Мәскеуде СССР Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты жетекші кадрлар резервін дайындау академиясы жанында алты айлық оқу курсына екі мәрте оқып, білімін жетілдірді. Америка, Балтық жағалауы, Германия академиктерінен алған дәрістер, практикалық іс-тәжірибелері басшылық қызметке келгенде толығымен қалды. Іс тегінің таба білуін басты нысаны осындай жоғары біліктілікте ғана десек қателесеміз. Қызмет бабында айналмаған адами қарым-қатынастың нозік иірімдерін игеру, ол да өз алдына өнер, тілін тапқан ғана табысқа жетеді.

Тағы да мысалға жүгінейікіші. Жаңақорған аудандық ауруханасына алғаш келгенде жанына батқаны су мәселесі еді. Сол күндері бұл аймақта арнайы гидрогеологиялық экспедиция жұмыс жасап жатқанын естіп, мекеменің бастығымен тығыз қарым-қатынасқа көшті. Мақсат – аурухананың суға зәрулігін жеткізіп, жәрдем сұрау. Денсаулық нысанына дем беруден кемел ниеттілер кеңіе қалған емес, әлгі кісіміз де көмек қолын аямалы. Аурухананың астында су қоймасы бар екен, бұрғылау құрылғыларын іске қосып, бір аптада 280 метр тереңдіктен су тартатын құрылғы мен су мұнарасын орнатып, түйткілді толық шешті. Енді осы суды ауруханаға жеткізу керек. Бұрынғы су құбырлары толық шіріп, істен шығыпты. Қаладағы көзкөрген тамыр-таныстарды жағалап, жағдайды реттеуге әрекет жасады. Қаржы мәселесі құлдырап тұрған кез. Қызылорда тресіне қарасты ХРСУ мекемесі басшысы базинасын жерге тастамай, су, жылу, көріз жүйесін бағдарлауға бригадасын жіберсін. Міне қызық, іштегі жылу қазандығының тек біреуі ғана пайдаланылып келіпті. Жылы су беретін бойлер жұмыс жағдайында, бірақ бірде-бір рет іске қосылмаған. Арнайы топ аурухананың ішкі-сыртқы жылуын, мұздай су, ыстық су, көріз жүйелерін толықтай қайта жүргізіп, бұзылып тұрған 4 қомфорлы электр пешін жөндеп іске қосып берді.

Осыдан соң мекемедегі барлық санузел, қол жуатын раковина, душ іске қосылды. Ас асханада дайындалатын қолды. Аудандағы ХРСУ мекемесі де жәрдемнен шет қалмай, еденін, есік-терезесін толық ауыстырып берді. Сүйегі мықты терезелердің бояуын ерітіп, қайта бекемдеді, толық жабылған соң, жел үрлемейтін болды. Ғимарат сырты жаз ағына дейін мәрмәр тас қиыршықпен қапталып бітті. Нәтижесінде, ұядай жылы бөлмелерде науқастарға жеңіл киммен жүруге мүмкіндік туы. Жұмсақ төсек-орын, киім, керек жабдықтар үш ауысымдыққа жаңаланып, нормативті медициналық құрылғылар жеткізілді.

Аурухананы жарықпен тұрақты қамтуда да кілтпап көп екен. Ток кернеуі көтере алмағандықтан жарық өшіп қала беретін. Энергиямен жабдықтау мекемесін жағалауға тура келді. Нәтижесінде үздіксіз электр жарығымен қамту шешімін тапты. Осы атқарылған ігіліктердің баршасы қарапайым сіз-біздіктен, өзара сыйластықтан өріс алып, өркенін кеңге жая түсті. Көптің мүддесіне келгенде көңілшектігінен ажырамаған қазық қалпымыз қатып-сеімен қағидаларды да жігітіп, жарқын үміттің айдарына жел бітірген талай жақсылыққа жол ашқан тәрізді. Ең бастысы, елге болсын деген ерекше пейіл, қапысыз құштарлықтың құдіреті жатыр еді мұнда.

КӨЗІН ТАПҚАНҒА КӨКЖИЕК КЕҢ

Адам өмірінде секундтар шешетін сын сәттер кездеспей тұрмайды. Ондайда жалаң қолмен жақсы дәрігер де дәріменсіз. Жағдайы тұралаған аурухананы аяққа тұрғызуға бел шеше кіріскен білікті басшыны жасқа-тұрса ойландырған осы мәселе еді.

Ауыл ауруханасында аяқастынан ауыр

жағдайға душар болған науқастарға көрсетілетін жедел жәрдемді қалыпқа келтіру керек. Тоғызбаев бұл мәселені қалай шешті?

Бұл жөнінде сол кездегі бас хирург дәрігер, Асылбек ағаның шөкірттерінің бірі Молдахмет Искаков былай дейді:

– Бір күні бас дәрігер кабинетіне шақырып алды да, «оқуға кетесің» деді. Анестезиолог-реаниматолог мамандығы бойынша арнайы курсқа жіберетінін айтты. Басшы таңдауы маған тұрған екен, бас тарта алмадым. Сонымен Украинаның Запорожье қаласына жол тарттым. Елде ақша жоқ, қиын кез. Бізде рубль ол жақта купонмен есептеледі екен. Ілдалдалап жүріп сол оқуды бітірдім. Обалы не керек, елге келемін дегенше реанимация бөлімін ашып, ішіне керекті құрал-жабдықтар қойылыпты. Мені осы бөлімнің басшысы етіп тағайындады. Сонымен облыста алғаш алпыс бірінші жылы Шадиар Нұрымбетов наркоз беруді қолға алса, мұнда мен осы мамандықты игердім. Жаңақорған ауруханасы жандандыру бөлімінің негізін қалаған тұлға ретінде атымыз тарихта қалды. Бастамашы басшының осындай талабы болмағанда дәрігерлік бағыт-бағдарым басқаша өріс алған болар ма еді? Бірінен бұрын, тағдыры қыл үстінде тұрған қаншама науқасқа дер кезінде дәрігерлік көмек көрсетіліп, көптің алғысына кенелдік. Сондықтан жеке басым Асылбек Тоғызбаевты ұстазым деп пір тұтамын, оған шексіз қарыздармын деп есептеймін, – дейді.

Сол кездері бас дәрігердің орынбасары қызметін атқарған Сәулбек Есқожаұлы:

– Бір күні жүрек қарақатымен науқас түсіп, тез арада облыспен хабарласып хирургиялық жедел жәрдем бригадасын шақырту керек деп шештім. Бас дәрігерге хабарласып, жағдайды жеткіздім. «Жарақатты қашан алған?» деген сұрағына «30-40 минут бұрын» деп жауап бердім. «Облыстың дәрігерлері келем дегенше біз қалай қарап отырамыз? Болмайды. Сен хирург емессің бе? Операцияны өзіміз жасаймыз. Құрал-сайман, наркоз, бәрі жеткілікті. Сіз ота жасайсыз, наркозды өзім беремін. Керек жерін айтып тұрамын» деді де, шұғыл іске кірісіп кеттік. Сөйтіп науқасты аман алып қалдық. Мұндай жағдайлар көп болды, – дейді.

Ол кісінің тәлім-тәрбиесін көрген әріптестері, шөкірттері Сұлтанбек Әлқожаев, Мырзагүл Жамурова, Сәкен Усейінов, тағы да басқа көптеген ақ халатты абзал жандардың аузынан дәл осындай алғасыз пейілді естігенімізде ғибратты ғұмыр иесіне деген құрметіміз одан әрі еселене түскендей. Міне, осындай атқарылған жұмыстардың нәтижесінде ауданда 1990-1995 жылдары бірде-бір ана өлімі тіркелген жоқ. Нәресте шетінеу көрсеткіші екі есеге төмендеді. Балаларды егу жұмысы, жүкті аналарды есепке алып, диспансерлік бақылауда ұстау қатаң қадағаланды. Орта буын мамандарды қайта даярлау, оқыту жүйесі жолға қойылды. 1991-1992 жылдары ауданда 15 жас маман жұмысқа тартылып, 11 автокөлік алынды. Сунақата, Юбилейный елді мекендерінде дәрігерлік емхана, Задария елді мекенінде аурухана іске қосылды. Сәби тағамын дұрыс жолға қоюда кент орталығында сүт асханасы ашылды. Емдеу-сауықтыру жұмысын жүйелі атқаруда ауруханада хирургия, травматология, терапия, кардиология, инфекция, балалар бөлімі, гинекология бөлімдері мамандармен, медициналық құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілді. Өзінше дербес мекеме болып тері-венерология ауруханасы, стоматологиялық емхана ашылды. Бұл – Асылбек Тоғызбаевтың Жаңақорған ауданының бас дәрігері қызметін атқарған кезде қолға алынып, қорытындысын тапқан жұмыстары.

Асылбек аға облыстық аурухана бас дәрігерінің кеңес беру-диагностикалық істері бойынша орынбасары, СПИД-ке қарсы күрес және алдын алу орталығының бас дәрігері, қалалық аурухананың бас дәрігері болып қызмет атқарғанын білеміз. Осы кісі басшылыққа барғаннан қалалық ауруханада да қайта құрылымдану жүріп, жұмыс жүйелі түрде жандана түскенін қызылордалықтардың кез келгені айтады. Заманауи тұрғыдағы медициналық құрал-жабдықтар – эндоскоп, рентгенологиялық лапароскоп, ангиографиялық-рентгенологиялық аппарат, гистероскоп, компьютерлік томография, электрондық байланыс құралдары алынып, саалауаттылықты қалыптастыру ісі жаңа стильде жалғасын тапқаны жұртшылықтың көз алдында. Осындай жұмыстардың нәтижесінде қалалық аурухана үш жыл қатарынан Ұлттық Бизнес рейтингітер одағының «Қазақстан көшбасшысы» марапатына ие болды.

Қай жерде жүрес де ақыл-ойы мен ерік-жігеріңе сүйеніп, білгірлік пен талапшылық, тәуекел және төзімділік деп аталар торттағанды тірек ете білген білікті маманның пайымдауына, еңгелі өмірдің ұзындығы нақты мақсат-мүдде мен еселенген қуат-қайраттың қосындысына тең. Бүгінге дейін жарты ғасыр денсаулық күзетінде тынымсыз тірлік кешкен Асылбек Тоқырзаулының түйген теоремасы осындай.

Біз бұл мақаламызда Асылбек ағаның Жаңақорған медицинасында қалдырған ізін ғана саралап шықтық. «ССРО Денсаулық сақтау ісінің үздігі», «Күрмет» ордені негізін салалық басшылықтан алған басқа да толып жатқан марапаттарын тізбелеп шығуды мұрат тұтпадық. Өйткені одан да жоғары тұратын, екінің бірінші маңдайына бұйыра бермейтін бір бекзат атақ бар. Ол – абырой деп аталады. Оған ақша да, тамыр-таныстық та жүрмейді. Өйткені оның төрешісі, әділ қазы уақыттың өзі.

Бүгінде 75 жасқа толып отырған ел ағасының жүріп өткен еңбек жолынан еңшілген үлкен олжасы осы. Осыған тәубе дейді. Соңында желкілдеп өсіп келе жатқан ұрпақтары бар. Әке жолын қуған тұңғышы Ғалымжан медицина ғылымының докторы, профессор, Денсаулық сақтау министрлігінің бас ревматологі, одан кейінгі қызы Нәзира экономика ғылымдарының кандидаты, Алматы қаласы Наурызбай ауданының әкімі, Бауыржаны облыстық прокуратураның басқарма басшысы, Жазира дәрігер-ревматолог. Асылбек аға отбасында жары Мейрамқұл Ергалиқызы екеуі – немерелер қызығына кенеліп отырған бақытты жандар.

Жетпіс бес жас – кез келгеніміз көзді ашып-жұмғанша кемеріне шығар кемел біліміміз. Сол кезде Асекең сынды жүзіміз жарық болуын қаласқа қазірден тұлап тұратын табиғатымызға табынып, жақсылықтың жалына жармасқанымыз жөн-ау. «Болмасан да ұқсап бақ» деп Абай ағамыз айтқандай, осындайда алға көр әкеңді пейіл, адалдықтың символындай болған Асекең сынды ағаларымыздың бары қандай жақсы!

Баян УСЕЙНОВА,
Ақпарат саласының үздігі

ҰЛТТЫҚ МҰРАНЫҢ ӨРІСІН КЕҢЕЙТКЕН

Жақында дүниеден өткен тоғызқұмалақ қауымдастығының қайраткер ақсақалы, ақылгөй абызы, ардагер-ұстаз Еркетай Әлкенұлы туралы 2020 жылы жарияланған Қыдырбек Рысбектің «Қазақтың 90 бапкері» кітабынан алынған мақаланы оқырман назарына ұсынамыз.



Еркетай Әлкенұлы Иманбай 1946 жылы 6 тамызда Сырдария ауданы «Қоғалықол» ауылында өмірге келді. Дүние жүзінің 9 дүркін чемпионы Ә.Дәліева, Әлемнің 3 мәрте чемпионы Х.Елеусін, Әлем чемпионатының 2 дүркін күміс жүлдегері Ф.Әуесбаева, Қазақстан конфедерациясы кубогінің жеңімпазы Т.Құлшыев, т.б. мықты спортшылардың бапкері. Тоғызқұмалақтың компьютерлік бағдарламасын жасап, 4 адам ойнайтын тақта ойлап тауып, «Құмалақ санау жүйесі» атты ғылыми еңбек жазған маман.

Бұл кісі қалыпқа сыймайтын бапкер. Көп жаттықтырушылар тәрізді алдына келген баладан чемпион шығарымын деп, танның атысы, күннің батысы жаттығудың соңында жүрмейді. Бір иығын рухани дүниеге, екінші иығын спортқа тіреп, таразының екі басын теңестіріп отыратын. Еркетай бапкер үшін шәкірттерінің ең әуелі дұрыс адам болғаны маңызды. «Адамға ең керекі – иман, иман мен ұят бір-біріне ілесе жүреді». Еркетай Иманбайдың өмірдегі басты ұстанымы осы. Рухани ұстазы Абайды көп оқиды. Абай армандағандай, оқушыларының да «толық адам» болғанын қалайды. Сондықтан шәкірттерінің жан дүниесі иманмен, рухани нәрмен суындаса, олардың ішкі байлығы тым жұтқан болмаса дейді.

Еркетай Иманбай әріптесі Досым Омаровпен бірлесіп «Тоғызқұмалақ ойынының философиялық негізі» атты кітап жазды. Ендігі мақсаты – Абайдың тоғызқұмалақшылығы туралы зерттеу еңбекті жарыққа шығару. Тоғызқұмалақтың шығу тарихынан бастап, оның құрылымын, тереңдігін, логикасын, сандық ерекшеліктерін қамти отырып, бұл ойын Абай Құнанбайұлын несімен баурады, неге қызықтырды деген сауалға жауап іздеп көрмекші. Бапкер Абай атасы тоғызқұмалақтың қатпарына дендеп бойлаған тұста «толық адам» туралы ойларын әбден пісірген тәрізді, деп пайымдайды.

«Абай жеңіл, арзан дүниеге

құмартпаса керек еді. Ендеше ойшыл ақынды иіріміне тартып, ерекше сүйіп ойнауына себеп болған тоғызқұмалақ – дүние жүзіндегі ең тартымды, ең күрделі зияткерлік ойынның бірі, – дейді Ерекен сеніммен. – Абай атамыздың маңына мықты тоғызқұмалақшылар топтасқан. Ол кісі замандастарымен сан мәрте шеберлік таластырғаны анық.

Сол тұстағы күшті ойыншы саналған Көрпембай Абайды ұтып кетсе, ақын ағамыз: «Тақтай бағып, ойын қуған қу ұтады», деп әзілдейді екен. Мұның бір мағынасы, Көрпембай тоғызқұмалақ тақтасын атының қанжығасына байлап жүреді дегеннен шықса керек. Ал өзі басым түскенде: «Мұндайда ми ұтады», деп жұртты күлдіреді деседі. Коммунистер көсемі Владимир Ленин: «Шахматы – гимнастика ума» десе, Абай ақсақал тоғызқұмалақта «милы адам озады», дегенді кесіп айтып отыр. Бүкіл жаратылыс Алланың аса шебер, дәл есебімен мұлткіз айналса, тоғызқұмалақ та – нақты есепке, мықты жүйеге құрылған ойын...»

Иә, жаһандық аренаға шыққаннан бері тоғызқұмалаққа құмартушылар саны жер шарының әр қиырында жыл санап көбейіп келеді. Халықаралық Iggamecenter.com зияткерлік ойындар сайты арқылы басқасына қарағанда тоғызқұмалаққа қызығушылар мен ойнаушылар қатарының уақыт өткен сайын арта түсуі, тіпті шахмат, дойбымен салыстырғанда ойыншылардың басым болуы – ең әуелі тоғызқұмалақтың күрделілігі мен

тереңдігінде және тартымдылығында жатқаны анық. «Алмас қылыш қын түбінде жатпайды» демекші, есте жоқ ескі дәуірде Алаш топырағында тұсауы кесілген ақылды ойынның жалпақ дүниеге мәшһүр болып, бес құрлықтың ойлы адамдарын баурап әкетуі – ұлттық мәдениетіміздің мерейі әрі мәртебесі екені даусыз.

Біле білсек, тоғызқұмалақ – қазақ халқының әлемдік мәдениетке қосқан сүбелі үлесі, өзіндік қолтаңбасы. Ал осынау ғажап зияткер ойынның әлем бойынша қазіргі таңдағы серкелері кімдер десеніз, олар Еркетай Иманбайдың қос шәкірті – классикалық тоғызқұмалақтан дүние жүзінің 5 дүркін чемпионы Әсел Дәліева мен дүние жүзінің 3 мәрте чемпионы Хакімжан Елеусін.

Мұның бәрі тақыр жерден өсіп шыққан жоқ. Еркетай Әлкенұлы – Абай атасы айтқандай, табиғатынан миылы, зейінді адам. Ерекен 1963 жылы Қызылорда қаласындағы Ыбырай Алтынсарин атындағы орта мектепті алтын медальмен бітірсе, 1969 жылы Алматыдағы Қазақ политехникалық институтының автоматика және есептегіш техника мамандығын қызыл дипломмен тәмамдады. 1981-1984 жылдары Мәскеу қаласындағы бүкілодақтық ауыл шаруашылығын электрлендіруге ғылыми-зерттеу институтының аспирантурасында білім алды. Информатика мен компьютер бағытында көп ізденіп, елеулі жетістіктерге жеткені өз алдына бөлек әңгіме. Сонымен қатар, республика бойынша тоғызқұмалақтан алғаш компьютерлік бағдарлама түзген еңбегін де айта кету керек, яғни жаратылысынан есеп-қисапқа жүйрік, әу бастан ғылымға оң иығын беріп тұрады.

Қысқасы, Еркетай Иманбай – жаңашыл, ізденімпаз маман. Ол кісі бір мезгілде төрт адам ойнайтын тоғызқұмалақ ойлап тауып, соның алғашқы патентін заңдастырып алды. Бұған қоса «Құмалақ бағалау жүйесі» атты жаңалығына да патент берілді.

Иә, өткен ғасырдың сексенінші жылдарының соңында Алматыға арнайы барып, тоғызқұмалақ ардагері Рақымбай Кәрімбайдан тоғызқұмалақ тақтасын алған Еркетай Иманбай Сыр өңірінде осы ойынның жандануына себепкер болса, қазір бұл кісінің шәкірттері ұлттық мұраның өрісін ұзартып, намысын көтеріп жүр.

Қыдырбек РЫСБЕК

«QAZAQGAZ AIMAQ» АҚ ҚЫЗЫЛОРДА ӨНДІРІСТІК ФИЛИАЛЫНЫҢ ТҰТЫНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

«QazaqGaz Aimaq» АҚ Қызылорда өндірістік филиалы ҚР Ұлттық экономика министрлігінің Табиғи монополияларды реттеу комитеті Қызылорда облысы бойынша департаментінің 2024 жылғы 28 маусымдағы №02/1029 хаты негізінде «QazaqGaz Aimaq» АҚ тұтынушылары үшін тауарлық газды бөлшек саудада өткізудің бағалары 2024 жылдың 01 шілдесінен бастап 1000 м³ үшін төмендегін құрайды:

№	Атауы	Өлшем бірлігі	Баға КҚС-сыз	Баға КҚС-мен
Қызылорда облысы				
Газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдауға арналған тариф есебінің				
I топ	Тауарлық газды газ тарату жүйесінен бөлшек саудада өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметті алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық);	тенге/1000 м³	11 542,27	12 927,34
II топ	Тауарлық газды халық үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	тенге/1000 м³	10 038,71	11 243,36
III топ	Тауарлық газды жылу энергиясын өндіру мақсатында заңды тұлғалар үшін сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	тенге/1000 м³	13 104,82	14 677,40
IV топ	Тауарлық газды электр энергиясын өндіру үшін сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	тенге/1000 м³	13 710,60	15 355,87
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де тұтынушылар	тенге/1000 м³	13 710,60	15 355,87
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	13 104,82	14 677,40
VIII топ	Тауарлық газды тұтынушыларға одан әрі өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	30 536,97	34 201,41
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (тұрғындар)	тенге/1000 м³	7 698,15	8 621,93
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	46 345,97	51 907,49
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	46 345,97	51 907,49
Газ тарату жүйелері арқылы тауарлық газды тасымалдауға арналған тариф есебімен				
I топ	Тауарлық газды газ тарату жүйесінен бөлшек саудада өткізу жөніндегі көрсетілетін қызметті алатын тұрмыстық тұтынушылар (халық);	тенге/1000 м³	17 741,60	19 870,59
II топ	Тауарлық газды халық үшін жылу энергиясын өндіру мақсатында сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	тенге/1000 м³	17 475,28	19 572,31
III топ	Тауарлық газды жылу энергиясын өндіру мақсатында заңды тұлғалар үшін сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	тенге/1000 м³	19 894,40	22 281,73
IV топ	Тауарлық газды электр энергиясын өндіру үшін сатып алатын жылу энергетикасы компаниялары	тенге/1000 м³	17 507,07	19 607,92
V топ	Тұтынушылардың I, II, III, IV, VI, VII, VIII, IX, X және XI топтарына жатпайтын өзге де тұтынушылар	тенге/1000 м³	19 894,40	22 281,73
VI топ	Бюджет қаражаты есебінен ұсталатын бюджеттік ұйымдар	тенге/1000 м³	19 894,40	22 281,73
VIII топ	Тауарлық газды тұтынушыларға одан әрі өткізу мақсатында сығымдалған және (немесе) сұйытылған табиғи газды өндіру үшін сатып алатын заңды тұлғалар	тенге/1000 м³	36 478,32	40 855,72
IX топ	Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек және (немесе) тұрғын үй көмегін алатын тұрмыстық тұтынушылар (тұрғындар)	тенге/1000 м³	11 858,23	13 281,22
X топ	Ірі коммерциялық тұтынушылар	тенге/1000 м³	52 287,32	58 561,80
XI топ	Цифрлық майнингті жүзеге асыратын тұлғалар немесе цифрлық майнингті жүзеге асыру үшін электр энергиясын өндіру бойынша тұлғалар	тенге/1000 м³	52 287,32	58 561,80

Жоғарыда баяндалғанын негізінде, **ЭЛЕКТРОНДЫҚ ТҰРМЫСТЫҚ ГАЗ ЕСЕПТЕГІШТЕРІН ПАЙДАЛАНАТЫН ТҰТЫНУШЫЛАРДАН КАРТОЧКАЛЫҚ ЖҮЙЕЛЕРДЕГІ ГАЗ БАҒАЛАРЫН ӨЗГЕРТУ ҰШЫН АБОНЕНТТІК ҮЧАСКЕЛЕРГЕ ЖҮГІНУЛЕРІҢІЗДІ СУРАЙМЫЗ.**

Сұрақтар туындаған жағдайда төмендегі телефондарға хабарласуға болады:
 - 8(7242) 55-17-45 Бейбарыс Сұлтан көшесі №1, Әкімшілік кеңсе,
 Инстаграм парақшасы @qga_kyzylorda
 - 8771 012 12 11 call-центр «РІККУ-Қызылорда» ЖШС,
 электрондық пошта: rcku-kyzylorda@kz.rcku.kz
 - Байсеитова көшесі №138/7, Абоненттік үчаскесі №1, - Абай даңғылы №51/66, Абоненттік үчаскесі №2, - Шұғыла шағын ауданы №26/36, Абоненттік үчаскесі №3, - Титов кенті №8, Абоненттік үчаскесі №4, - Жанқожа Батыр көшесі №82А, Абоненттік үчаскесі №5

«QazaqGaz Aimaq» АҚ ҚӨФ Әкімшілігі

(«Астана қаласының Мемлекеттік сәулет-құрылыс бақылау басқармасы» мемлекеттік мекемесінен 2015 жылдың 27 қарашасында №15001650 мемлекеттік лицензиясы берілген)

БӘРЕКЕЛДІ!

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДЫҢ АЛДЫН АЛҒАН 4-СЫНЫП ОҚУШЫСЫ



Жазда адамдар табиғат аясына шығып, демалғанды жақсы көреді. Дегенмен демалушылар суға шомылу кезінде қарапайым сақтандыру шараларын ескермей, түрлі қолайсыз жағдайлар орын алып жатады. Осындай қолайсыздық салдарынан облыста жыл басынан бері 10 адам суға кеткен.

сол жерде тұрған Айсұлтанның інісі, 1-сынып оқушысы Жансұлтан айқайлап, үлкендерді көмекке шақырады. Дәл сол сәтте су жағасында тұрған Айсұлтан дереу суға секіріп, жүзіп барып, Хантөрени құтқарып қалады. Балаларға арналған үрлемелі баллонға салып жағаға алып шығып, сол жерге келген ата-аналарының қолына табыстады. Уақытылы, дәл, сапалы көрсетілген көмек арқасында кішкентай Хантөреге медициналық көмектің де қажеті болмады. Қуаныштан көздеріне жас алған ата-анасы Айсұлтанға алғысын жаудырды, – дейді Айсұлтанның атасы Хұсайын Қоразбаев.

Айсұлтан Хұсайын – тоғыз жастағы егіздің сынары, Ерсұлтан есімді бауыры бар. Олар – облыс орталығындағы дарынды балаларға арналған «Мұрагер» мектебінің 4-сынып оқушысы, екеуі де оқу озаты. Сабақтан тыс уақытта «Евразия» спорт кешенінің жүзу секциясына, шахмат клубына барады. Жақында қалалық жарыста Айсұлтан Хұсайын чемпион kzo турнир қорытындысы бойынша 4-спорттық разряд нормасын орындап, 1-орын иеленді.

– Шынында, Айсұлтанның бұл әрекетін ерлік деуге болады. Өзі де бала, соған қарамастан, шұғыл шешім қабылдап, сәбидің өмірін құтқарып қалды. Мен осы кішкентай батырдың атасы болғанымды мақтан етемін, – дейді Х.Қоразбаев.

Айта кетейік, Айсұлтанның үлкен атасы Асан Қоразбаев – ҰОС ардагері, «Қызыл Жұлдыз», «Отан соғысы» ордендерінің иегері. Бұрынғы «Ленин жолы», «Путь Ленина» газеттерінің штаттан тыс тілшісі болған.

Адам өміріне араша түскен Айсұлтан Хұсайынның ерлігін облыстық төтенше жағдайлар департаменті де жоғары бағалап, алғыс білдірді.

«СБ» ақпарат

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Шиелі Жарығы» ЖШС бойынша электр энергиясымен бөлшек сауда нарығында жабдықтау тарифтері бойынша жария тыңдаулар өткізілетінін хабарлаймыз. Жария тыңдаулар мына мекен-жайларда өткізіледі:
 - 2024 жыл 15 шілде сағат 10.00-де, Сырдария ауданы, Теренөзек кенті, Қонаев көшесі №8, «Теренөзек кенті Мәдениет үйі» ғимараты;
 - 2024 жыл 15 шілде сағат 12.00-де, Жалағаш ауданы, Жалағаш кенті, Желтоқсан көшесі №11, «Мәдениет және тілдерді дамыту орталығы» ғимараты;
 - 2024 жыл 15 шілде сағат 15.00-де, Қармақшы ауданы, Жосалы кенті, А.Иманов көшесі №38, «Жыраулар үйі» ғимараты;
 - 2024 жыл 16 шілде сағат 11.00-де, Шиелі ауданы, Шиелі кенті, Байтұрсыннов көшесі №5, «Шиелі Жарығы» ЖШС ғимараты;
 - 2024 жыл 16 шілде сағат 15.00-де Жаңақорған ауданы, Жаңақорған кенті, Шонабаев көшесі №8А, «Шиелі Жарығы» ЖШС Жаңақорған филиалы ғимараты.

«Шиелі Жарығы» ЖШС әкімшілігі

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Энергосервис» ЕЖШС электрмен жабдықтау қызметінің бағасы туралы жобасын талқылау үшін жария тыңдау өткізетінін хабарлайды.
 Жария тыңдау 2024 жылы шілде айының 12-ші жұлдызында сағат 10.00-де Қызылорда қаласы Абай көшесі 25-6 мекен-жайында орналасқан «Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми зерттеу институты» ЖШС ғимаратында өткізіледі

МҰРАЛЫҚ ІСТІҢ АШЫЛҒАНЫН ХАБАРЛАЙДЫ

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Косбергенов Мурат Каирбекович (лицензия №14002321, 24.02.2014ж.) 2023 жылдың 8 маусымында қайтыс болған азамат Дүйсенов Серикбайдың атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды. Мұрагерлері болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Көшербаев көшесі 203, тел.: 8 778 235 08 08, 8 777 067 92 37.

ЖАРАМСЫЗ ДЕП ЕСЕПТЕЛСІН

Ташева Гүлжан Нұрқадрықызының атына Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығы бойынша 2002 жылы бітіргені жөнінде берілген ЖБ 0266409 дипломының түпнұсқасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

Жарнама. Жарнама. Жарнама

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.



E-mail: smjarnama@mail.ru

/// БҮГІН – АСТАНА КҮНІ

Астанам – арман қалам, алтын қалам

Ақ орда сезіндіріп дара сырды,
Ақ үйлер бой көтерген жарасымды.
Арайлы шуақ төккен жүректерге,
Астана жиған мұнда бар асылды.

Тарихтың ізі жатқан әр тасында,
Есілдей ерке өзен бар қасында.
Арқадан бой көтерген Астана бұл
Халықтың бірлігінің арқасында.

Қозғайды сән-салтанат ой тереңін,
Осында барлық қызық, бар керегім.
Қаланың символы мен көркі болып,
Қол сөзған көкке қарай «Бәйтерегім».

«Думан» мен «Хан шатыры» көзімді арбап,
Кең көше бірін-бірі жатыр жалғап.
Жап-жасыл саялы бақ, су бұрқақтар.
Түн болса қала мүддем кетер жайнап.

Мақтаныш шалқып біздің бойымызда,
Жүзеге асып жатыр ойымыз да.
Жүректі жыр тербейді, күй кернейді,
Мерейлі, мәртебелі тойымызда.

Шамдары шуақ төгіп жарқыраған,
Ұнайды дәл осындай қалпың маған.
Қазақтың көзайымы, мақтанышы,
Астанам – арман қалам, алтын қалам.

Ақтөре ИБРАГИМУЛЫ



Фото: Ашық дереккөзден

/// ЖӘДІГЕР

МУЗЕЙ ҚОРЫНДАҒЫ ҚҰНДЫ ҚАЗЫНА

Қазақтың күй өнерінде жеті мектеп болса, солардың сүбелісі – Қазанғап мектебі. Қазанғап Тілепбергенұлы – күйшілік өнерде өзгеге ұқсамайтын сара жол салып, өзіндік орындаушылық жолын қалыптастырған саңлақ күйші.

Бүгінде облыстық тарихи-өлкетану музейінде ұлы күйші домбырасының көшірмесі сақталған. Көлемі шағын, құрап жасалған, бір ойықты қалақ домбыра. Көпшіліктің қызығушылығын тудыратын аспаптың көшірмесін жасатып, оны Қызылордаға жеткізген Қазақстанның Еңбек сіңірген қайраткері, белгілі жыршы Ұлжан Байбосынова.

– Қазанғап атындағы жоғары музыкалық колледжде басшылықта жүргенде көшірмесін жасатқанбыз. Кейін ойлана келе аспапты музей қорына қосқанымыз жөн деген шешімге келдік. Домбыраны жасаған Сыр өңірінен шыққан белгілі қолөнер шеберлері, ағайынды Ділмановтар, Байқасановтар, көшірме аспап дыбысының түпнұсқадан еш айырмашылығы жоқ. Жалпы, Қазанғап қазынасы ұшан-теңіз. Оны дәріптеп, кейінгі ұрпаққа жеткізу – біздің парызымыз, – дейді ол.

Жалпы, күйшінің өз домбырасы қазір Алматыдағы Ықылас атындағы музыкалық аспаптар музейі қорында тұр. Шанағы құралып жасалған, қалақша пішінді қымбат қазынаны алғашында Қазанғап мұрасын танытуға ерекше үлес қосқан дәулеткер домбырашы Сәдуақас Балмағанбетов сақтаған екен. Кейіннен 2009 жылы Алматыдағы музейге өткізген.

– Қазанғап Тілепбергенұлы – дәуірде бір туатын дара күйші. Күйлері арқылы адам жанының нәзік қылын шертеді. Кейінгі ұрпаққа мол мұра қалдырған. Күйшінің жанына серік болған қасиетті домбырасы Сыр өлкесіне былтыр жетіп, құнды жәдігерлер қатарына қосылды. Ұлты қадірлейтін ұлы тұлғалардың мұрасын ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде музейдің алатын орны ерекше, – дейді облыстық тарихи-өлкетану музейінің директоры Сапар Көзейбаев.

Арал теңізі жағалауындағы «Құланды» түбегінің «Ақбауыр» деген жерінде дүниеге келіп, өз мектебін қалыптастырған Қазанғаптың туындылары кейінгіге сол мектептің өкілдері арқылы жетіп, елдің рухани байлығына айналған. Өз заманының озық суреткері күй өнерін жаңа қырынан танытып, ой мен сезімді қатар қолдана білген. Күйшінің қай шығармасы да елдің жан күйзелісін, қайғы-қасіретін, бастан кешкен тарихын баяндайды.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

/// ЕРТЕҢ – ҰЛТТЫҚ ДОМБЫРА КҮНІ

Санамызға сіңген рух

Нар идірген, құс қондырған, бұлт көшірген бұл домбыра – жабыққанның жан серігі, қуанғанның қос қанаты болған. Қазақтың жан-жүйесінің қылын домбырадай қозғаған басқа бір нәрсенің атын атау қиын.

«Нағыз қазақ қазақ емес, нағыз қазақ – домбыра» деп Қадыр ақын дөп басып айтып кеткен.

Қазақтың Құрманғазы, Төттімбет, Байжұма, Қазанғап, Нұрғиса сияқты композиторлары домбыра арқылы қазақ деген дауылыз дала жұртының мінезі мен болмысын паш еткен!

Домбыра тілі аударманы қажетсінебейді, саналы адамзаттың бәрине бірдей тілмен сөйлейді. Ұлының өлімін күй арқылы естіген қаһарлы Шыңғысхан көмекейіне қорғасын құйып бітейін дегенде күмбірі онан сайын күйшеі түскен домбыраның киесі жайында айтып тауысу мүмкін емес.

Домбыра секілді басқа ешбір музыкалық аспап ұлтымызды бір мақсатқа біріктіріп, рухымызды көтере ала алмайтыны рас.

«Домбыра аспабы – қайталанбас асыл дүние. Сондықтан, мектепте домбыра үйрену сабақтарын енгізу – қажетті әрі дұрыс бақтама. Себебі, қазіргі жаппай жаһандану уақытында халқымызға тән бірегей құндылықтарды жаңғырта беруіміз қажет» деген болатын ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бүгінгі жаңару жолына түскен Қазақстанның рухани бейнесін айшықтап, тұғырын биіктеге түсуде осынау мерекенің манызы жоғары екені айқын.

Отандық ғалымдар мемлекет пен халықтың рухани дамуы мен қалыптасуына ықпал еткен жеті ерекше мәдени құбылысты атаған. Бұл тізімге қазақтың киіз үйі, домбыра, Таңбалы тас суреттері, Қожа Ахмет Ясауи кесенесі, Маңғыстаудағы жерасты мешіттері, «Бәйтерек» монументі, Есіктен табылған «Алтын адам» енген.

2010 жылы домбыра Гиннестің рекордтар 1-бетіне

кітабына қатталды. Ал 2022 жылы елордамызда мың баланың қатысуымен домбырашылардың күй ойнауы да осы әлемдік ғажайыптар кітабына жазылды.

Кереннің құлағын естіріп, зағиптың көзін ашатын қасиетті домбыраның қадірін кейінгі ұрпақтың санасына өшпестей етіп сіңіру – ел мұратының бірі. Аталарымыз аманаттап кеткен домбыра үнін домбыра күніне айналдырудың мазмұны – өскелең ұрпақты ұлтжандылыққа, рухани тереңдікке тәрбиелеу. Сол арқылы тәуелсіз еліміздің санасы сәулелі, көкірегі сарабал болуына иелерінің баспалдағын жасап, келешегімізге кең өріс ашу.

Ұлттық домбыра мерекесінің мәні де – осы.

Домбыра арқылы ғасырлардан келе жатқан айтыс өнері мен жыраулық дәстүр тіні үзілген жоқ. Бұл аспапты жасау атадан балаға мұра болып беріліп отырған. Сондықтан домбыра жасаушылар өзінің шеберлігін пайдаланып, аспаптың сыртқы түріне әртүрлі өзгерістер енгізген. Оның торсық, тұмар, шіңкілдек, балдырған, балашық, шертер сияқты болып түрлерінің көбейіп кеткені де содан. Негізі қазақ ішінде домбыраның кең тараған екі түрі бар, оның бірі қауақ домбыра, екіншісі қалақ домбыра деп аталады.

Кенестік дәуірде сәл саябырсыған айтыс өнері қайта жаңғырып, тың игерудің 25 жылдығына арналған облыстық ақындар айтысында Мүтәліп Қыраубаев, Манап Көкенов сынды саңлақ айтыскерлер өнер көрсетіп, айтыстың ақтангері атанған Манап Көкенов «Қазақстанның халық ақыны» құрметті атағы берілді.

Тәуелсіздік жылдарында қанат қалқан айтыскер ақындар көші тоқтамай, талантты жастар жарқырап шықты. Жерлесіміз Мұхтар Ниязовтың «Алтын домбыра» сыйлығын үш мәрте жеңіп алуы Сыр еліндегі айтыстың бүгінгі деңгейін танытады.

Домбыра арқылы өнермен бірге қоғам да дамыды. Оның білім мен өнерді ұштастырудағы рөлі орасан.

Бүгінде облыста бірнеше ұлт аспаптар оркестрі бар.

Олар – Арал аудандық мәдениет үйі жанындағы Қазанғап атындағы, Қазалы аудандық мәдениет орталығы жанындағы Мырза атындағы халықтық ұлт аспаптар оркестрлері және «Қорқыт сазы» фольклорлық ансамблі. Сырдария аудандық мәдениет үйі жанындағы Құрақтың Досжаны атындағы, Шиели аудандық мәдениет үйі жанындағы халықтық ұлт аспаптар оркестрлері және «Нартай сазы» халықтық-фольклорлық ансамблі. Жаңақорған аудандық мәдениет үйі жанындағы Әлшекей атындағы халықтық ұлт аспаптар оркестрі, «Қаратау қазынасы» және Қызылорда қаласындағы А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінің «Сырлы саз», Қорқыт ата атындағы университет жанындағы «Дидар» халықтық-фольклорлық ансамбльдері.

Бұл ансамбльдер тереңнен күмбірлеген домбыра үнімен талай мәрте ұлтымыздың бейнесін шек елдерге паш етіп, өзге жұртты қазақтың асақ өнеріне бас идірген.

«Біздің қазақ – әнқұмар халық. Біреу қолына домбыра алып, ән сала бастаса, ойдағы-қырдағысы жиналып, сегіздегі бала, сексендегі шалына дейін қалмай қамалып, айтып-айтысып, жанын жағасына келтіреді. Бара-бара не болса да сол әндегі рух сүйегіне сінеді, құлағында қалады» депті ұлт зиялысы Сұлтанмахмұт Торайғыров.

Сол кісі айтқандай, біздің бала күнімізде домбырадан басқа аспап болмайтын, той да, жиын да домбырамен өтетін. Келе-келе оған әртүрлі аспаптар қосыла бастады, ВИА деген шықты, бірақ домбыра ысырылып қалған жоқ. Қайта алдыға түсіп алды. Өртістер концертті домбыраның жеке даусымен бастап, әрі қарай гүрілдете жөнелетін болды.

Бұл – Сұлтанмахмұт айтқандай, домбыра тілінің санамызға сіңіп қалған рухы.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы»

Фото: Ашық дереккөзден

Газетіміздің келесі нөмірі 10 шілде, сәрсенбі күні шығады

www.facebook.com/syrboiy.kz/

Меншік иесі
СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес
KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
«АҚ» - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу күәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.